

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӘУЕ ТАСЫМАЛЫНЫҢ
ӘЛЕУЕТІ

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №108 (6670) 5 желтоқсан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

АҚОРДА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫ

Елімізге Еуропалық Кеңес Президенті ресми сапармен келді

Кеше, 4 желтоқсанда Астанаға Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта ресми сапармен келді. Мәртебелі мейманды Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күтіп алды.

Ақордада өткен келіссөз кезінде екіжақты ынтымақтастықтың даму перспективасы талқыланды. Кездесуде Мемлекет басшысы Еуропалық Кеңес Президентін I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. Салтанатты рәсімде Қасым-Жомарт Тоқаев Антониу Коштаның Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы серіктестікті нығайтуға қомақты үлес қосқанын атап өтті.

Биыл Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанына 10 жыл толып отыр. Еуропалық Кеңес Президентінің еліміздегі ресми сапары осы айтулы кезеңге тұспа-тұс келді.

ӘКІМ

МЕРЗІМ МЕН САПА – БАСТЫ ТАЛАП

Шаһар басшысы «Қалқаман» метро бекетінің құрылыс барысын тексерді

Алматыда метроның бірінші желісінің екінші кезеңіндегі үшінші іске қосу кешенінің құрылысы жалғасып жатыр. Қала әкімі Дархан Сатыбалды «Қалқаман» метро бекеті мен оған жалғасатын тоннельдердегі жұмыстарды тексерді.

Қазіргі кезде сол жақ аралық тоннельде «Бауыржан Момышұлы» бекетінен «Қалқаманға» дейінгі рельстерді төсеу толық аяқталды. Тоннельде электр кабельдері, су құбыры, дренаж жүйесі тартылып, инженерлік жабдықтар үшін кронштейндер орнатылды. Келесі кезеңде бейнебақылау, дыбыстық хабарлау, өрт және қауіпсіздік дабыл беру жүйелері қойылады. Сондай-ақ, оң жақ перегондық тоннельді қазу жұмыстары да жалғасып жатыр. Жалпы, ұзындығы 1593 метрдің 1285 метрі қазылып біткен.

Станцияда монолиттік құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын, кері топырақ толтыру жүргізілуде. Ал ішкі кеңістікте әрлеу жұмыстары мен инженерлік коммуникациялар тартылып, жабдық орнатуға дайындық жүріп жатыр. Барлық жұмыс тәулік бойы атқарылады. Құрылысқа жалпы 478-ден астам маман қатысуда. Олардың 149-ы жерасты жұмыстарында, 329-ы ашық алаңдарда еңбек етуде.

Қала әкімі Дархан Сатыбалды жұмыстардың сапасы мен бекітілген мерзімді қатаң сақтау маңызын атап өтті. «Қалқаман» бекетінің құрылысы Алматының көлік жүйесі үшін стратегиялық маңызды болып, метроның батыс бағыттарына қолжетімділікті арттырады. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2026 жылдың орта шеніне дейін аяқталады деп жоспарланған.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДИЛОВА.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz



АҚОРДА

САРАПТАМА

ӘУЕ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Мемлекет басшысы талап еткен жаңа бағыт

3 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік жүк авиахабтарын дамыту жөнінде кеңес өткізді. Кеңесте Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, «Алматы халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының президенті Косе Гокер баяндама жасады.

Сонымен қатар, талқылауға Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаров, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов қатысты.

Жолдауда қойылған міндет

Бұл реткі кеңес Жолдауда берілген тапсырманың логикалық жалғасы болып саналады. Сонымен бірге, Жолдаудағы алға қойған міндеттердің орындалу барысы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында екенін көрсетеді.

Қыркүйектің бас шенінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты кезекті халыққа Жолдауын жасады. Онда алдағы мемлекеттік органдар алдында тұрған жеті міндетті атап өтті. Солардың ішінде көлік-логистиканы одан әрі дамыту мәселесі төртінші міндет ретінде қойылған еді.

Көлік-логистика саласында авиация бағыты маңызды нысаналардың бірі болып саналады. Президент Жолдауда соңғы жылдары осы салада инфрақұрылымды жаңғыртуда көп жұмыс атқарылғанын атап өткен. Мысалы, 2024 жылы Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар ашылған. Зайсанда, Катонқарағай және Кендірліде әуежай құрылысы аяқталуда. Арқалық әуежайы да қалпына келтіріліп жатыр. Бұл аймақтардың экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Дегенмен, бұл салада тағы бір маңызды мәселе бар. Ол әуемен жүк тасымалдау. Президент Жолдауға дейін әуемен тасымалданатын жүк көлемін екі есе ұлғайту жөнінде тапсырма берген. Президенттің сөзінше, мұндай мақсатқа шетелдің ірі инвесторларын тарта отырып, Ұлттық жүк тасымалдаушы компания құру арқылы қол жеткізуге болады.

Мемлекет басшысы Жолдауда электронды сауда-саттықтың өсуі әуемен жүк тасымалдауға сұраныстың артуына түрткі болып жатқанын айтқан. Сондықтан Президент әуе хабтарын белсенді түрде дамытып, олардың жаһандық логистика тізбегіне кірігуін қамтамасыз етуге тиіс екенімізді мәлімдеген.

Сала Президенттің бақылауында

Қазақстанның кейінгі жылдары географиялық орналасудағы артықшылықтарына орай әлемдік жеткізу тізбегіндегі маңызы арта түсті. Бұл құрлықтық тасымалда көбірек аталып отырғанымен, еліміз әуе тасымалын қоса дамытқан жағдайда жаһандық жеткізу тізбегіндегі үлесіміз қазіргіден бірнеше есеге артпақ.

Президент өңірлік жүк авиахабтарын дамыту жөнінде кеңесте елімізде авиахабтарды дамытудың маңыздылығын, біздің географиялық басымдықтарымызды атап өтті. Оның сөзінше, авиахабтарды дамыту көлік-логистика саласындағы басым бағыттардың бірі. Себебі, әлемдік сарапшылар жыл өткен сайын әуе жолдары арқылы тасымалданатын жүк көлемінің артатынын айтуда. Болжам бойынша, 2040 жылға қарай әуе жүктерінің 20 пайызы Азия – Еуропа бағытына тиесілі болмақ.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің географиялық артықшылықтарын тиімді пайдалану қажет екенін айтты. Президент қазір Орталық Азия және Оңтүстік Кавказ аймағында транзиттік жүк тасымалына байланысты бәсеке күшейіп жатқанын мәлімдеді. Сондықтан мМемлекет басшысы «air cargo»-ның үлесін арттыруға мән беруде.

Осыған орай Президент авиахабтарды дамыту саласындағы өзекті мәселелерді атап, оларды шешу мақсатында Үкіметке бірнеше тапсырма берді. Маңызды тапсырмаларды санамалай көрсете кетелік:

• **Әуежайларда авиахаб қалыптастыру.** Еліміздегі негізгі әуежайларда инфрақұрылымдық мәселелер толық шешімін таппаған. Жүк тасымалдаушылар көбіне жанармай құю немесе техникалық қажеттілік үшін ғана

тоқтайды. Бұдан бөлек, транзиттік карго-трафиктің қосымша құны төмен болып тұр. Сондықтан Президент тариф саясатын қайта қарауды және әуежайларда жүкті тиеп-жөнелту және жинақтау инфрақұрылымдарын дамытуды тапсырды.

• **Авиаотын мәселесі.** Президент авиаотын мәселесін түбегейлі шешуді тапсырды. Мемлекет басшысының пікірінше, саланы дамытуда негізгі екі проблема бар. Бұл – бағаның жоғары болуы және ішкі өндіріс көлемінің жеткіліксіздігі. Сондықтан Мемлекет басшысы авиаотын өндірісіндегі ішкі үлесті арттырып, импортты әртараптандыру қажет екенін айтты. Сондай-ақ, авиация ғылыми-зерттеу институтын құруды және отынды сертифициаттау зертханасын ашуды тапсырды.

• **Ұлттық жүк тасымалдаушы әуе компаниясын құру.** Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда елімізде құрылатын Ұлттық жүк тасымалдаушы әуе компаниясының қызметіне жан-жақты қолдау көрсетуге шақырды.

• **Жүк тасымалдайтын ұшақтардың тапшылығы.**

Мемлекет басшысы елімізде жүк тасымалдайтын ұшақтардың тапшылығына тоқталды. Оның сөзінше, заңды ұшақтардың жұмыс мерзіміне қатысты өзгертулер енгізуді ойластырған жөн. Қазіргі норма бойынша құрастырылғанына 25 жылдан асқан жүк ұшақтарының жұмысына шектеу қойылған. Бірақ АҚШ-тағы FedEx әуе компаниясы ұшақтарының шығарылғанына орта есеппен – 28 жыл. UPS компаниясында бұл көрсеткіш 30 жыл болса, Ұлыбританияның One Air әуе компаниясында 33 жылды құрайды. Сондықтан бұл бағытта халықаралық тәжірибені ескеруге шақырды.

• **Авиация саласын цифрландыру.** Қасым-Жомарт Тоқаев авиация саласын цифрландыруға баса назар аударды. Осы бағытта 2019 жылы әуе көлігімен жүк тасымалдау үдерісін жеңілдетуге бағытталған «E-freight» жүйесі іске қосылған. Алайда, жұмыс тиімділігі төмен. Құжаттарды рәсімдеу мерзімі айқындалмаған.

• **Кәсіби мамандар тапшылығы.** Мемлекет басшысының пікірінше, өзекті мәселенің бірі авиация саласына қажетті кәсіби мамандар даярлау. Сондықтан Үкіметке кадр даярлау жүйесін реформалап, халықаралық білім-ғылым мекемелерімен байланыс орнату тапсырылды.

Әуе көлігінің үлесі төмен

Мемлекет басшысы кеңесте сөйлеген сөзінде әуе жолы арқылы тасымалданатын жүк көлемінің үлесі төмен екенін мәлімдеді. Статистикалық мәліметтер Президенттің мәлімдемесінің рас екенін көрсетуде.

Ұлттық статистика бюросының көлік саласы бойынша есептерінде жүк тасымалдауда әуе көлігінің үлесі төмен екені айтылады. Мысалы, 2025 жылғы қаңтар-қазан айлары аралығында еліміз бойынша 954,9 млн. тонна жүк тасымалданса, соның 23,8 мың тоннасы ғана әуе көлігіне тиесілі. Дегенмен, 2024 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда, жүк тасымалының көлемі артқан. Былтыр 22,4 мың тонна болған.

Көлік жолдарының түрлері	2025 ж., қаңтар-қазан (млн. т)	2024 ж., қаңтар-қазан (млн. т)
Барлығы	954,9	883
Теміржол көлігі	380	352
Автомобиль көлігі	288	283
Құбыр көлігі	282	244
Теңіз көлігі	3,1	2,3
Ішкі су көлігі	197,3 мың	349,5 мың
Әуе көлігі	23,8 мың	22,4 мың

Кесте Ұлттық статистика бюросының есебі негізінде дайындалды

Кестеден көріп тұрғанымыздай, еліміздегі жүк тасымалының басым бөлігі теміржол көлігі арқылы жүзеге асады. 2025 жылы қаңтар-қазан айлары аралығында 380 млн. тонна жүк тасымалданған. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 352 млн. тонна болған. Демек, биыл өсім тіркелген. Сонымен қатар, негізгі көлік жолдарына автомобиль және құбыр кіреді. Өкінішке қарай, теңіз және ішкі су көліктерінің үлесі төмен. Бұл біздің табиғи-географиялық жағдайымызға байланысты. Ішкі су көлігі бағытында болашақта өсім жоғары болмауы мүмкін. Бірақ теңіз жолында мүмкіндіктер жеткілікті. Өйткені, Транскаспий жолы ашылса, жүк тасымалы да артуы мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ЗАҢНАМАҒА ЖАҢА ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Президент кең ауқымды заңнамалық өзгерістерге қол қойды

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Аталған Заң арқылы Жер, Бюджет, Кәсіпкерлік, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстерге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Мәдениет туралы», «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарға өзгерістер енгізілді.

Түзетулердің бірінші блогы жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғаудың құқықтық тетіктерін күшейтеді. Баланы асырап алу және кәмелетке толмағандарға қамқоршылықты немесе қорғаншылықты тағайындау барысында баланың туыстарына, ал олар болмаған жағдайда некеде тұрған адамдарға басым құқық беріледі.

Түзетулердің екінші блогына сәйкес, балалардың тамақтануына, тұрғын үйіне, медициналық көмегіне, білім алуына, тәрбиесіне және оларды сауықтыруға мемлекет бюджеті есебінен қаржы бөлінетін субъектілерге (объектілерге) қатысты мемлекеттің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау тәртібі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңның аясында реттелетін салаға жатқызылады. Сәйкесінше, тиісті нормалар Кәсіпкерлік кодекстен алынып тасталады.

Түзетулердің үшінші блогы білім беру саласындағы кейбір түйткілді мәселелерді шешеді. Бұдан былай техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары Оқу-ағарту министрлігі бекітетін, осындай ұйымдар қызметінің жетістіктерін рейтингтік көрсеткіштерге сай бағалау әдістемесіне және оларды саралау қағидаларына сүйене отырып сараланады. Ал жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының саралануы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекітетін бағалау әдістемесі мен қағидаларына негізделеді.

Түзетулердің төртінші блогы мәдениет саласындағы бірқатар мәселені шешуге бағытталған. Концерт өткізу кезінде фонограмма пайдалануға тыйым салынады (Бұл ереженің телевизиялық жазбаларға, концерт өткізуге арнайы бейімделмеген және арналмаған орындарға қатысы жоқ). Сондай-ақ, авторлық құқық объектісі саналатын шығармаларды масс-медиада немесе онлайн-платформаларда жария түрде пайдаланған кез келген жағдайда авторды (авторларды) көрсету міндетті. Кітапхана қорын байыту және сақтау шараларын қабылдау бұдан былай жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіреді.

Әзірлеген Е.БОЖАН.



ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

10 айда өндіріс көлемі 24 трлн. теңгеден асты

Осы аптада Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Жиында өңдеу өнеркәсібін дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Отырыс қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өтіп, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов және Қазақстанның Өнеркәсіптік инвесторлар одағының президенті Қайрат Еламанов БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Әдеттегідей, PrimeMinister.kz сайтында, YouTube ресми арнасында, Facebook әлеуметтік желісінде, сондай-ақ UKIMET Telegram-каналында Үкімет отырысы тікелей эфирде көрсетілді. Ал баспасөз конференциясы YouTube ресми арнасында және Facebook әлеуметтік желісінде көрсетілді.

БАСТЫ МАҚСАТ – ӨНДЕУ СЕКТОРЫНЫҢ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ

Мемлекет 2023 жылдан бері экономикалық реформаны жүзеге асырып келеді. Оған Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауы түрткі болды. Сол Жолдауда Президент алда жүзеге асатын экономиканың құрылымына қатысты реформаның негізгі тұстарына тоқталған. Президент экономикалық реформаның басым бағыты ретінде өңдеу өнеркәсібін дамыту екенін атап өткен еді.

2024 жылы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында да өнеркәсіпті дамытуға мән берген. Ал 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында өңдеу өнеркәсібін дамыту үдерісін цифрландырумен байланыстыруды тапсырды. Сондықтан 2 желтоқсанда Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өңдеу өнеркәсібін дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Онда өнеркәсіп және құрылыс, энергетика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, жасанды интеллект және цифрлық даму министрлері атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады. Сондай-ақ, Қостанай, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерінің есебі тыңдалды.

Премьер-министр өңдеу өнеркәсібін дамыту экономиканың орнықты өсуінің негізгі шарты екенін атап өтті. Олжас Бектеновтің сөзінше, қазір жалпы ішкі өнім құрылымындағы өңдеу секторының үлесі шамамен, 13%-ды құрайды. Алайда, Үкімет басшысы мұнымен тоқтап қалмауға шақырды. Сондықтан жалпы ішкі өнімдегі өңдеу өнеркәсібінің үлесін 2030 жылға қарай 15%-ға дейін, ал 2035 жылға қарай 18-20%-ға дейін жеткізу керек екенін мәлімдеді.

ҚОЛДА БАР ЖЕТІСТІКТЕР

Олжас Бектенов Үкімет отырысында өңдеу өнеркәсібінде бүгінге дейін қол жеткен жетістіктерге тоқталды. Олар төмендегідей:

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ҚОЛ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕР:



2025 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі

₸ 24 трлн

5,8%

2025 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі

\$23 млрд



Биыл 10 айда осы секторға салынған инвестиция көлемі

₸ 1,7 трлн

30%

Биыл Картаға сәйкес, жалпы құны 1,5 трлн теңге болатын

190

жобаны жүзеге асыру көзделген

Жалпы ішкі өнім құрылымындағы өңдеу секторының үлесі шамамен

13%



Дәрі-дәрмекке баға белгілеудің жаңа цифрлық жүйесін енгізудің арқасында бірқатар жоғары шығынды дәрілер

50%



300%

дейін төмендеді

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

- 10 айда өндіріс көлемі – 24 трлн. теңгеден астам, 5,8%;
- Өндірістегі өсімді қамтамасыз еткен салалар – металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары;
- Саладағы өсімге әсер еткен шетелдік компаниялар – Kia, Sinopres, John Deere, Claas т.с.с. жаһандық көшбасшылар;
- 2024 жылы өңделген өнімнің экспорты \$23 млрд-тан асты.
- Биыл 10 айда салынған инвестиция көлемі 1,7 трлн. теңгені құрады, бытырғыдан 30%-ға жоғары;
- Инвестициялық өсімге Бірыңғай индустрияландыру картасын қосу әсер етті. Биыл Картаға сәйкес, жалпы құны 1,5 трлн. теңге болатын 190 жобаны жүзеге асыру көзделген.

БАСТЫ МІНДЕТТЕР

Үкімет отырысында өңдеу өнеркәсібін дамыту және цифрландыру мәселелерін талқылау қорытындысы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов негізгі бірқатар міндетті атап өтті. Олар төмендегідей:

• **Отандық өндірушілермен ұзақмерзімді шарттар мен офтейк-келісімшарттар санын арттыру.** Биыл қазақстандық өндірушілермен 879 келісім жасалған. Осыған байланысты Өнеркәсіп министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп осындай келісімдердің санын 2026 жылдың соңына дейін кемінде 1 мыңға дейін жеткізу тапсырылды.

• **Цифрлық технологиялар мен ЖИ-і өндіріске енгізу.** Қазақстанда заманауи цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллекті пайдаланып отырған өңдеу кәсіпорындары 20%-ға жетпейді. Сондықтан Өнеркәсіп және Жасанды интеллект министрліктеріне өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында жасанды интеллекті енгізуге арналған

жаңа жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету тапсырылды.

• **Өңдеу өнеркәсібінде ғылыми зерттеулердің әлеуетін қолдану.** Премьер-министрдің сөзінше, өңдеу өнеркәсібіне арналған ғылыми зерттеулер әлеуетін кеңейту қажет. Сондықтан Өнеркәсіп министрлігі Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, өңдеу саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдаудың кешенді шаралар пакетін әзірлеуді тапсырды.

Үкімет басшысы осы аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау мен үйлестіруді Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктеді. Себебі, ол өңдеу өнеркәсібіне жауапты болып саналады.

ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАЛАРЫ АРЗАНДАТЫЛДЫ

Денсаулық сақтау саласы халықтың басым көпшілігін толғандыратыны сөзсіз. Себебі, ол әлеуметтік маңызды сала болып саналады. Әсіресе, денсаулық сақтау саласындағы фармацевтика бағыты өте маңызды. Осыған байланысты Үкімет отырысында бұл бағытқа ерекше тоқталған.

Үкімет отырысы барысында Премьер-министр Олжас Бектенов отандық фармацевтика саласына қаржы тартуды ынталандыру мақсатында инвестициялар туралы келісімдер жасалып жатқанын атап өтті. Оның сөзінше, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндіру бойынша 9 инвестициялық жоба қолға алынған.

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов пен Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова биыл дәрі-дәрмекке баға белгілеудің жаңа цифрлық жүйесі енгізілгенін мәлімдеді. Жаңа жүйе енгізілгеніне ұзақ болмаса да, тиімділігін көрсетуде. Саланы цифрландыру арқылы бірқатар дәрілердің бағасы төмендеген. Сала министрі Ақмарал Әлназарова бірқатар жоғары шығынды дәрілік заттар бойын-

ша бағалар 50%-дан 300%-ға дейін төмендегенін мәлімдеді.

Мысалы, Иматиниб дәрісі 9450 теңгеден 2348 теңгеге, ал Бевацизумаб дәрісінің бағасы 360 мыңнан 77 мыңға арзандады. Сонымен қатар, антибиотик Цефепим бойынша бюджетті үнемдеу 174 млн. теңгені (-40%), ал иммунобиологиялық препарат Экулизумаб бойынша – 424 млн. теңгені (-18%) құраған. Ең жоғары бюджеттік тиімділікті қамтамасыз еткен ТОП-10 препаратқа Бевацизумаб, Иматиниб, Сорафениб және Сунитиниб сияқты препараттар кірді. Сондай-ақ, Инсулин деглудек, Метотрексат, Элтромбопаг, Будесонид және Иопромид бағасы айтарлықтай төмендеген.

Өзгерістер бөлшек сауда нарығына да әсер еткен. 4900 дәрі-дәрмектің бағасы қайта қаралып, қазан-қараша айларында дәріханалардың мониторингі танымал препараттардың құны орта есеппен 12%-ға төмендегенін көрсеткен. Мысалы, «Цефалс» препараты 31%-ға, «Зитмак» – 20%-ға, ал «Ревмоксикам» – 32%-ға арзандаған.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, негізгі отандық өндірушілер жаңа ережелерге бейімделіп, дәрі-дәрмектер желісінің бағасын төмендетіп үлгерген. Үнемделген қаражаттар ең алдымен алғаш рет анықталған пациенттердің қосымша қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жұмсалмақ.

Жалпы, жаңа баға белгілеу моделі тұрақты және болжамды нарықты қалыптастырып, жеткізу қауіпсіздігін нығайтады және сыртқы баға ауытқуларына тәуелділікті төмендетеді. Министрлік қол жеткізілген нәтижелерді еселеу үшін жұмысты жалғастырмақ.

Әзірлеген
Пердехан
ШӘМШИЕВ.





АЛМАТЫДА ЖАҢА ШАҒЫН ӨНЕРКӘСІП ПАРКІ САЛЫНАДЫ

«Алматы» ӘКК» АҚ еншілес ұйымы «Almaty Finance» ЖШС Алматының Индустриялық аймағында жаңа шағын өнеркәсіп паркін салу үшін несиелісін ашты. Бұл туралы «Алматы» ӘКК-нің өкілдері хабарлады.

Жоба «Almaty Business–2025» өңірлік бағдарламасы аясында қаржыландырылды. Несиелік желінің жылдық сомасы 6 пайыздық мөлшерлемемен 500 млн., ал компанияның жеке инвестиция көлемі 700 млн. теңгеге шыққан. «Капстрой-групп-Т» ЖШС жүзеге асыратын жобаның жалпы құны – 1,2 млрд. теңге.

Жаңа шағын өнеркәсіп паркі ауданы 1 гектар болатын жер телімінде салынады. Жоба аясында жалпы ауданы 8927 шаршы метр болатын үш өндірістік және бір әкімшілік ғимарат бой көтереді, оның 7588 шаршы метрі жалға беріледі. Өнеркәсіп парктің аумағында 8-ден 10-ға дейін шағын және орта бизнес нысандары болады, бұл шамамен, 150 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

«Шағын өнеркәсіп партерін дамыту арқасында кәсіпкерлер бастапқы шығынсыз заманауи өндіріс орындарын құра алады. Мұндай ғимараттарды жалға алу құны бір шаршы метріне 2350 теңгеге дейін беріледі, бұл сома ШОБ үшін қолжетімді. Алматы аумағында 30-дан астам шағын өнеркәсіп паркі жұмыс істейді, оның 15-ін «Almaty Finance» қаржыландырды», – деді «Almaty Finance» ЖШС басқарма төрағасы Ерлан Егембердиев.

Қазіргі кезде нысанның 43%-ы дайын. Өндірістік ғимараттардың қаңқалық және әкімшілік ғимараттың көпқабатты бетон құрылымының құрылысы бітті.

Шағын өнеркәсіп паркінің құрылысын 2026 жылы 2 тоқсанда аяқтау жоспарланып отыр.

Әзірлеген
Д.САДЫРҚАН.

Алматыда Орталық Азия экологиялық зерттеулер институтының конференц-залында саладағы өзгерістерді талдауға бағытталған «Жасыл импульс: 2026 жылғы аймақтық экологиялық саммит» атты форумы өтті. Іс-шара «TURAQTY JOL 6.0» ұлттық әлеуметтік экологиялық науқаны аясында ұйымдастырылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

TURAQTY JOL – жастарды туған жерге жанашырлыққа, мәдени-рухани және экологиялық құндылықтарды қадірлеуге баулитын білім беру бағдарламасы.

Бұл бастама Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтары Федерациясының бес циклдік жобасын табысты жалғастыруы болып табылады. Бағдарлама ЦентрКредит Банкі (негізгі серіктес) мен Chevron компаниясының қолдауымен жүзеге асып отыр.

Форум Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты мен Орталық Азия климаттық қорының бірлескен ұйымдастыруымен, Алматыдағы ЮНЕСКО өңірлік кеңсесі, ЮНЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясы, ИСЕСКО және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті.

Сарапшылар экологиялық мәселелерді талқылап, жасыл экономиканы ілгерілету, көміртекті трансформация және қалдықтарды басқару тақырыбын көтерді. Қаржы секторының климаттық мақсаттарға жетудегі рөлін де сөз етті. Қатысушылар 2026 жылы Астанада өтетін экологиялық саммитке арналған ұсыныстар жобасын да дайындап, оны ашық пікірталас форматында талқылады.

Тұрғындарға тұрақты қолдау көрсетілуде

Қазір қаланың әр ауданында «Отбасын қолдау орталығы» ашылып жатыр. Осы ретте Түркісіб ауданының тұрғындарына жан-жақты көмек көрсетіп, отбасы институтын нығайтуға бағытталған «Отбасын қолдау орталығының» жұмысын ерекше атап өткен жөн.

Әсіресе, Орталық тарапынан аудан тұрғындарына көрсетіліп жатқан әлеуметтік кеңес пен құқықтық қолдау көрсетуге тұрғындар дән риза. Мәселен, осы Орталықтағы «Адам және қоғам» қоғамдық бірлестігі Гүлім Нұрғалиеваның басшылығымен жүзеге асып отыр.

«Біздің басты мақсатымыз – көмекті қажет ететін әр адамға қолжетімді ету. Сондықтан Түркісіб ауданында қолдаусыз бірде-бір отбасы қалмауы үшін жұмыс істеп жатырмыз», – дейді Орталық басшысы.

Ағымдағы жылы Орталыққа күн сайын 75–80 адам жүгініп, олардың 323-іне құқықтық көмек көрсетілген көрінеді. Сонымен қатар, 20 тұрақты жұмыс орны ашылып, 1724 қызмет алушыға қайырымдылық көмек көрсетілген. Ал «Бизнес бастау» курсын оқыған көпбалалы ана мемлекет тарапынан қайтарымсыз 14 грант ұтып алады. Бұл деректерге көз салсақ, әрбір көрсеткіштің артында өмірі жақсарған отбасылар, әйелдер мен балалар және қарт адамдардың тұрғанын байқайсыз. Демек, аталмыш Орталықтың ақпараттық-кеңес беру шараларын белсенді жүргізіп, азаматтарға құжаттарды рәсімдеуге, құқықтық мәселелерді шешуге, психологиялық көмек алуға жәрдемі тиген.

Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЖАСЫЛ ИМПУЛЬС: аймақтық экологиялық саммитке дайындық басталды



Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтары Федерациясының коммуникациялар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-президенті Сәбина Ақжарова экологиялық диалогтың өзектілігін атап өтті. Оның айтуынша, Алматыда өтіп жатқан TURAQTY JOL ұлттық эконәуқаны – алты циклді қамтыған ірі экологиялық білім беру жобасының қорытынды кезеңі.

– Бүгін біз бизнес өкілдері, мемлекеттік құрылымдар, халықаралық ұйымдар және сарапшыларды бір алаңға жинадық. Мақсат – жасыл экономикадағы өзгерістерді талқылап, климаттық бастамаларды айқындау және алдағы қадамдарды белгілеу. Мемлекет басшысы тапсырмасы аясында 2026 жылы Астана-

да өтетін Орталық Азия аймақтық экологиялық саммиті өңір үшін маңызды кезең болмақ. Сондықтан климат саласындағы ортақ күш-жігерді күшейту және тұрақты дамуға үлес қосу – баршамыздың міндетіміз, – деді ол.

– Келер жылы өтетін саммит 8 бағытты қамтиды. Экология тақырыбы өздеріңізге де белгілі, өте ауқымды. Қазір климаттағы өзгеріс және онымен күрес мәселелері өзекті болып тұр. Сондай-ақ, қаржыландыру ісіне де көп көңіл бөлуіміз керек. Халықаралық ұйымдардың «Жасыл», қоғамға пайдалы жобаларды қолдауы үшін, олардың маңыздылығын дұрыс жеткізе білуіміз қажет», – деді Орталық Азия климаттық қоры жобалық офисінің басшысы Ерлік Қаражан.

УАҚЫТ СЫНЫНАН ӨТКЕН ЖҮЙЕ

Биыл мемлекеттік Халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылғанына 20 жыл толды. Ал бұл орталық ең алғаш Алматыда басталған жоба екенін білесіз бе? Иә, бұдан тура 20 жыл бұрын дәл осы жоба Алматыда қолға алынып, ең алғаш Алматы және Түркісіб аудандарында ашылған болатын. Бұл күнде мемлекеттік Халыққа қызмет көрсету орталықтары еліміздің әр өңірі, әр аудандарына дейін таралған кемелді жүйеге айналып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашында, яғни 2005 жылы «бір терезе» қағидаты бойынша өз жұмысын бастаған орталықтың жұмысы халықтың мемлекеттік қызмет түріне деген сенімін күшейтіп, кедегілерді азайтты. Соның айғағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мамандары бүгінгі таңда тұрғындарға мемлекеттік қызметтің 1300-ге жуық түрін көрсетеді.

Мерекелік іс-шара барысында Мемлекеттік корпорация Басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Қарқынбаев ұйымның табысты жұмысы қызметкерлердің біліктілігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты екенін атап өтті. Ол осынау жүйенің дамуына үлес қосқан қызметкерлерге «20 жыл ЦОН» мерейтойлық медалін табыс етіп, Алғыс хаттармен марапаттады.

Орталық ашылғалы бері халыққа қалт-қысыз қызмет етіп келе жатқан Балауса Ұлдарбекова да осы күні мерейтойлық медаль иегері атанды. Күні бүгінге дейін Алматыдағы 8 Халыққа қызмет көрсету орталығы және 4 мамандандырылған ХҚКО жыл сайын тұрғындарға шамамен, 2,5 миллионға жуық мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

ҚАЗАҚСТАН – АМЕРИКА ОРТАЛЫҒЫ

ҚазҰУ–да құрылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде цитоматрицаны зерттеу жөніндегі Қазақстан–Америка ғылыми орталығының салтанатты ашылуы өтті. Биомедицина саласындағы ауқымды жоба америкалық жетекші университеттердің ғалымдарымен бірлесіп, қатерлі жасушалар биологиясын терең зерттеу және жаңа ғылыми нәтижелер алу мақсатында жүзеге асырылып отыр.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Жиында сөз алған Хьюстон университетінің профессоры, жобаның ғылыми жетекшісі Шайкен Тәттім қатерлі ісік мәселесінің өзектілігін ерекше атап өтті.

– Қазіргі кезде ең күрделі ауру – қатерлі ісік. Бұл дертпен күресу күннен-күнге



қиындап барады, себебі, біз оның табиғатын толық түсініп болған жоқпыз. 100 жыл бұрын айтылған ғылыми теория қатерлі ісіктің негізінде генетикалық мутациялар жатқанын көрсеткен. Мутация, энергия және цитоматрица – осы факторларды кешенді зерттеу арқылы ғана қатерлі ісікке қарсы тиімді тәсілдер табуға болады. Орталықтың ашылуы – менің ұзақ жылғы

ғылыми зерттеулерімнің маңызды нәтижесі, – деді профессор.

Орталықта алынған ғылыми-зерттеу нәтижелерін қатерлі ісікке қарсы инновациялық терапияларды әзірлеу, биомедициналық технологияларды дамыту және жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау бағытында пайдалану жоспарланып отыр. Бұл бастама – Қазақстан мен АҚШ арасындағы білім, ғылым және жоғары технологиялар саласындағы стратегиялық ынтымақтастықтың нақты нәтижесі.

Алдағы жылдары орталық базасында заманауи зерттеу және инновациялық бағыттағы ғылыми кластер құру көзделген. Бұл өз кезегінде еліміздің биомедицина саласын дамытуға, халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейтуге және қатерлі ісікпен күреске үлес қосуға мүмкіндік береді.



ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ЖОЛЫ

«Тайталас тағдыр» кітабының тұсаукесері өтті

«Тайталас тағдыр» – мемлекет және қоғам қайраткері, академик Бақытжан Жұмағұловтың жаңа еңбегі осылай аталады. ҚР Ұлттық кітапханасында өткен тұсаукесерге Алматыдағы зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, жазушылар мен БАҚ өкілдері қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бақытжан Тұрсынұлы іске асырған реформалар білім беру жүйесін жаңғыртуға жол ашқаны мәлім. Бұл өзгерістер жастардың кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасап, қазақстандық ғылымның халықаралық беделін күшейтті. Ғалымның еңбегі білім мен ғылымды дамытуда, жас таланттарды қолдауда кеңінен танылған.

Бақытжан Жұмағұловтың ғылым саласына арналған жаңа бастамасы мен еңбегін таныстыру жиынын ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Оразалин жүргізді. Оқырманына жол тартқан жаңа туынды автордың өмір жолы мен ел дамуының күрделі кезеңдеріндегі шешімдер хронологиясын біріктірген естелік әрі талдамалық еңбек.

Бұл кітапта Бақытжан Жұмағұловтың бала күннен бастап мемлекеттік дәрежедегі жауапты қызметтерге дейінгі жүріп өткен жолы, білім беру саласындағы реформалары, әр кезеңдегі қоғам қайраткерлерімен қызметтес болған кездері шынайы баяндалған. Автор оқырманға тарих толқынындағы тағдырлы шешімдер мен өмір сынақтарын терең оймен жеткізе білген.


Таныстырылым барысында сөз алған қаламгерлер мен ғалымдар кітаптың тәрбиелік-танымдық маңызына көбірек тоқталды. Мемлекет және қоғам қайраткерлері Бірғаным Әйтимова, Уәлихан Қалижан, Нұртөре Жүсіп, Ақылбек Күрішбаев, Игорь Рогов, Алмас Шарманов сынды кеш қонақтары академик Жұмағұловтың ел игілігі жолындағы еңбегін, тұлғалық ұстанымын және жаңа буынға өнеге боларлық өмір тәжірибесін жоғары бағалады.

Қала кітапханалары мен кітап дүкендеріне жол тартқан, бұл шығарма оқырман қауымға тың ой, терең зерделеу мен тағылым беретіні сөзсіз. «Тайталас тағдыр» – қазіргі қазақ қоғамының дамуына үлес қосқан тұлғаның шынайы шежіресі. Іс-шара соңында автор оқырман сұрақтарына жауап беріп, кітапсүйер қауымға қолтаңбасын қалдырды.

«ПЕТРОГЛИФ ІЗШІЛЕРІ»

теңдессіз тарихи қазынаны тапты

Алматы, Жетісу және Жамбыл облыстарында петроглифтердің 11 жаңа шоғыры анықталды. Сондай-ақ, қазақтың XVIII-XIX ғасырға тиесілі оннан астам рулық зираты табылды. Бұл – биыл «Петроглиф ізшілері» қорының еріктілері жасаған 27 экспедицияның нәтижесі. Зерттеу барысында бұған дейін белгісіз болып келген ерте темір дәуірі мен түркі кезеңіне жататын ондаған қоныс пен қорым да табылған.



Бұл ғылыми жаңалықты «Петроглиф ізшілерінің» өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында баяндап берді. Олардың айтуынша, биыл ғылыми ортаға бұрыннан белгілі жерлердің өзінен біраз жаңа петроглиф табылған. Жалпы, осы жолы археологиялық ескерткіштер тізіміне енбеген жиырмаға жуық қорым тіркелген. Қорғандардың жалпы саны 300-ден асады. Олардың арасында Аманбөктер шоғырындағы петроглифтер, Баянжүрек маңындағы жаңа топ, сондай-ақ Қызылағаш ауылының жанындағы жазық пен Ақтекше маңындағы Мұқыр шатқалынан табылған жартастағы суреттер де бар.

Еріктілердің айтуынша, зерттеуге шалғайдағы ауыл тұрғындары да көп үлес қосқан. Олар өздері байқаған ерекше жәдігерлер туралы әлеуметтік желі арқылы хабарлап отыратын көрінеді.

«Петроглиф ізшілері» жобасындағы ең басты ресурс – адам. Қорымызда ерікті болып жүргендердің әрқайсысы әртүрлі саладан келген. Әсіресе, жыл өткен сайын іздеу жұмысына ауыл мен алыс елдімекеннің тұрғындары көп араласып жатқанын көріп, қуанып қаласың. Әркім өзінің туған жерінің тарихын бүкіл әлем білсе екен дейді ғой. Бұл – нағыз патриотизм», – дейді қордың атқарушы директоры Ольга Гумирова.

Брифингте «Қазақстан – петроглифтер елі» жобасының негізін қалағандардың бірі Юрий Дорохов ағартушылық жұмыстың маңызына тоқталды.



«PR саласының маманы ретінде айтарым: Қазақстанда қандай тарихи қазына жасырулы жатқанын халық неғұрлым көбірек білсе, нағыз патриоттар да соғұрлым көп шығар еді. Бұл, әсіресе, жастарға өте керек дүние», – дейді ол.

Тарихқа жанашыр қоғам белсенділері келер жылы жаңадан анықталған петроглиф шоғырларын зерттеуді жалғастырып, Ешкіөлмес кешенінің виртуалды 3D-турын жасап, жаңа барлау экспедицияларын өткізуді де жоспарлап отыр.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ТЕҢ ҚОҒАМ

Алматыда цифрлық инклюзия стандарты енгізілуде

Бүгінде Алматы толық инклюзивті қала құруға бет алды: қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігі артып, цифрлық инклюзия стандарты енгізіліп жатыр, әлеуметтік және оңалту қызметтері кеңейіп, жұмыспен қамту мен қолдау бағдарламаларының ауқымы да өсіп келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтылды.



Нұржамал
ӘЛІШ

«Инватаксидің» саны артты

Баспасөз жиынында Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Аманат Сұлтанғазиев аталған бағыттағы қадамдарды таныстырды. Оның айтуынша, қалада инклюзивті ортаны дамытатын кеңес жұмыс істейді, әкімнің инклюзия мәселелері бойынша штаттан тыс кеңесшісінің рөлі де күшейтілді. Кеңес шешімдерінің негізінде «Алматы даму орталығында» жаңа – Цифрлық инклюзия департаменті ашылды. Ол болашақта барлық цифрлық өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз ететін негізгі құралға айналмақ. Мамандар цифрлық ресурстарға аудит жүргізіп, әдістемелік материалдар әзірлеп, мүгедектігі бар пайдаланушылармен бірлесіп қызметтерді сынақтан өткізді. Келер жылы цифрлық қолжетімділіктің бірыңғай стандарттары енгізіліп, қалалық сервистерге аудит жүргізілбек.

«Инватакси» қызметі де дамып келеді. Қаржыландыру арқандықтан автопарк 170 көлікке дейін көбейіп, «Яндекс таксимен» пилоттық әріптестік шеңберінде қызмет алушылар саны 2 мыңнан 3,4 мың адамға дейін өсті. Қызметке Даун синдромы бар бала-

лар сияқты жаңа санат енгізіліп, 2026 жылдан бастап ауыр психикалық ауытқуы бар балалар да қамтылмақшы. Диспетчерлік қызметті автоматтандыру да қолға алынуға жатыр, бұл бағыттарды сол уақытта бақылап отыруға мүмкіндік бермек», – деді Аманат Сұлтанғазиев.

Инклюзияны дамытуға ҰЕҰ-ның әлеуметтік жобалары да зор үлес қосып жатыр. Жыл сайын мүгедектігі бар 7 мыңнан астам адам иппотерапия, шығармашылық терапия мен басқа да бағдарламаларға қатысады.

Алдағы уақытта Алматыда халықаралық стандартқа сай 150 орынды заманауи оңалту орталығы салынады. Қазірдің өзінде дамуында кемшілік бар үш жасқа дейінгі балаларды қолдайтын бірегей Ерте араласу орталығы жұмыс істейді. Ашылған сәттен бастап мұнда 3 мыңнан астам қызмет көрсетілген. Диагностика мен сүйемелдеу «Тұмар бала» платформасы арқылы жүргізіледі.

1700-ден астам адамға – атаулы көмек

Сарапшылардың айтуынша, атқарылған осындай іс-шаралардың нәтижесінде бизнес пен ҰЕҰ-мен мекемелер арасында байланыс жаңа деңгейге шықты. Биыл мегаполисте «JobCoach» бағдарламасының пилоттық жобасы іске қосылып, Отбасылық қолдау орталығы 1700-ден астам адамға атаулы көмек көрсеткен.

Мамандарды оқыту да маңызды жетістік болды. 4559 адам FSM Social платформасында жұмыс істеу бойынша дайындықтан өтті. Отбасылық қолдау орталығы 75 әлеуметтік іс-шара мен 79 акция өткізіп, жараса алмай жүрген 3 отбасы қайта қосылды. Өрттен зардап шеккен 20 отбасыға көмек берілді. 14 адамға мүгедектік тобын рәсімдеуге жәрдем көрсетілген.

«Ерекше қажеттілігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға биыл ерекше көңіл бөлінді. 2722 жұмыс орнына белгіленген квота аясында 1192 адам нақты жұмыспен қамтылған. Еңбек мобильдігі орталығына 2260 үміткер жүгінген болса, олардың 1835-і жұмыссыз ретінде тіркелген. Тұрақты жұмысқа – 342, әлеуметтік жұмыс орындарына – 329, қоғамдық жұмысқа – 313, «Жастар тәжірибесіне» 15 адам орналасқан», – деді қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі Богдан Джекпа.


Биыл серіктестермен жұмыс істеу жағы да қарқын алған: жұмыс берушілермен кездесулер, ҰЕҰ және бизнес өкілдерімен семинарлар, Еуропалық білім қорының сарапшыларымен консультациялар, сондай-ақ инклюзивті еңбек нарығын және «Тең қоғам» жобасын дамыту бойынша ауқымды кездесулер өткізілген.

Колледжде инклюзивті орталық ашылды

Брифингте инклюзивті білім беру әдіскері Гүлайым Стамбекова алматылық колледждер ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің кәсіби білім алуына жағдай жасап, инклюзивті тәсілдерді белсенді түрде енгізіп жатқанын атап өтті.

1995 жылдан бері арнаулы топтар жұмыс істейтін Алматы технология және флористика колледжі инклюзивті тәжірибені дамытып жүрген оқу орындарының бірі. Осындағы Бейімдеу мен әлеуметтендіру жөніндегі ресурстық орталық 250-ден астам студентті қамтиды. Биыл колледжде «Тігінші» мамандығы бойынша инклюзивті орталық ашылып, ол ерекше жастарды кәсіби даярлықтан өткізіп, жұмысқа орналасуына сеп болып отыр.

«Колледждерге инклюзивті топтармен жұмыс істей алатын, студенттерді сүйемелдейтін және жұмыс берушілермен байланыс орната алатын мамандар қажет. Біз педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету үшін Арнаулы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен ынтымақтастықты күшейтіп жатырмыз», – дейді Гүлайым Стамбекова.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЗАМАН МЕН МАМАН

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ФОРУМЫ – жас мамандарға жаңа мүмкіндік

Алматыда бизнес, ғылым және жас таланттарды бір алаңға жинаған дәстүрлі форум кезекті рет өз жұмысын бастады. Hiring & Innovation Forum METU – инженерия, цифрландыру және жасанды интеллект бағытындағы студенттік әзірлемелер көрмесі мен жұмыс берушілер форумы ретінде танылған шара. Ауқымды шараны Халықаралық инженерлік-технологиялық университет (METU) Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен ұйымдастырды.

Форум бүгінде мегаполистің технологиялық қауымдастығы үшін маңызды басқосу орталығына айналды. Бұл – бизнес өкілдері, технологиялық сектор, зерттеу топтары және жас мамандар тікелей пікір алмасатын негізгі платформа. Биыл төртінші рет өткізіліп отырған шара университет пен жұмыс берушілер арасындағы тиімді диалогты нығайтып, жас мамандарға жаңа мүмкіндіктер ашып келеді.

Көрме барысында компания өкілдері автоматтандыру, машиналық оқыту, инженерлік шешім-

дер және цифрлық жүйелер бағытындағы студенттік жобалармен танысты. Қатысушылар көптеген әзірлеменің өндіріс немесе корпоративтік ортада бірден қолдануға дайын екенін атап өтті.

METU AI Hub жаңа зертхана-сының іске қосылуы форумның маңызды жаңалықтарының бірі ретінде есте қалды. Бұл жасанды интеллект және машиналық оқыту орталығы студенттер мен ғалымдарға арналған зерттеу кеңістігіне айналып, стартаптар мен корпоративтік серіктестіктерге жол ашпақ.



Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Кашденбек METU ұжымын форумды жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін құттықтап, университеттің қала экожүйесіне

қосып жатқан үлесін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, мұндай бастамалар жас мамандарды қолдап қана қоймай, қаланың кадрлық резервін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді.

Ал Халықаралық инженерлік-технологиялық университеттің академиялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Әсел Абдилдаева форум туралы өз пікірінде:

– Бүгінгі іс-шарамыз «Жұмыс берушілер форумы» деп аталады. Бұл алаңда біз жұмыс берушілерді жинап, студенттеріміздің дайын жобаларын таныстырамыз. Негізгі мақсат – студенттердің жасаған жұмыстарын көрсету, олар мен жұмыс берушілер арасында байланыс орнату, әрі қарай ынтымақтастықты нығайту. Форум аясында болашақта жұмысқа қабылдау, практикадан өту, стажировка ұйымдастыру жөнінде келісімдер жүргізіледі, – деді.

Оның айтуынша, форумға алпыстан аса қатысушы шақырылған. Іс-шара студенттерді қолдаудың, олардың жұмыс табуына және кәсіби дамуына бағытталған маңызды бастама.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КӨРМЕ отандық жаңа технологияларды таныстырды

Алматыда Қазақстан мен Ресейдің аграрлық секторындағы жетістіктерін әйгілейтін халықаралық көрме өтті. «EXPO – Агроөнеркәсіптік кешендегі озық технологиялар» атымен ашылған көрмені Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Ресей Ғылым академиясымен бірлесіп ұйымдастырды.

Биыл 2 сәуірде Қазақстан–Ресей агроөнеркәсіптік озық технологиялар орталығы ресми түрде ашылғаны мәлім. Алматыдағы көрме агроөнеркәсіптік озық технологиялар орталығының жұмысын дамытуды көздеген. Онда екі елдің аграрлық саладағы заманауи ғылыми жетістіктерді, инновациялық жобаларды және тиімді практикалық шешімдерді кеңінен таныстырды.

Ғылым мен бизнестің байланысын күшейту, жаңа технологияларды енгізу, саланың өзекті мәселелеріне қатысты ортақ ұсыныстар әзірлеу де шара міндеттерінің бірі.

БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) пайымдауынша, әлемде 800 миллионнан астам адам аштықтан зардап шегеді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 2050 жылы әлемдік өндірісі 50%-ға ұлғаюы тиіс. Осының өзі жаһандық сын-қатерлер жағдайында ауылшаруашылығы саласының маңызы тіпті де артып келе жатқанын көрсетеді. Міне, сондықтан да Алматыдағы көрме инновацияларды дамыту, аграрлық-өнеркәсіптік кешенді (АӨК) механикаландыру мен цифрландыруды қарқындату есебінен тұрақты азық-түлік өндіру міндетін шешуге бағытталған.

Көрме аясында пленарлық отырыс және төрт секциялық конференция ұйымдастырылды. Онда Қазақстан мен Ресейдің жетекші ғалымдары мен ірі өндіріс өкілдері аграрлық саладағы инновациялық әзірлемелерді жан-жақты талқылап, тәжірибе алмасып, болашақтағы ынтымақтастық бағыттарын айқындады. Конференциялар өсімдік шаруашылығы және егіншіліктен тартып, мал шаруашылығы және ветеринария, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу және суды басқару сынды тақырыптарды қамтыды.

Көрмеге Жазкен Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты да қатысты. Институттың басқарма төрағасы Бақытжан Дүйсенбеков көрмеге әкелген технологияларын таныстырды.

– Біздің институттың ғалымдары ауыл шаруашылығы саласына, оның ішінде фитосанитарлық қауіпсіздікке, яғни өсімдіктерді зиянды организмдерден қорғау мәселесіне қатысты әдістемелік нұсқаулар мен жаңа технологияларды ұсынады. Осы алаңға біз өз технологияларымызды әкеліп отырымыз. Оның бірі – тұқымды сауықтыру технологиясы. Тұқымды зиянды организмдерден қорғау үшін қандай технологиялар қажет болса, соның барлығын ұсынамыз. Бұл өсімдіктің өсуін күшейтуге, тамыр жүйесін дамытуға және тұқым ішінде жасырын түрде кездесетін ауруларды емдеуге арналған арнайы «емдеу протоколы» ретінде қарастырылады, – дейді Бақытжан Әлішерұлы.

Оның айтуынша, зиянкестерге қарсы биологиялық агенттер, яғни пайдалы жәндіктерді қолдану қазіргі агросаладағы маңызды бағыт. Әдетте шаруашылықтарда химиялық препараттарға жүгінеді,

отандық зерттеу орыны ұсынып отырған әдіс – пайдалы жәндіктерді зиянкестерге қарсы тиімді пайдалану болып саналады.

Институт өкілі түсіндіргендей, бұл тәсілдің тиімділігі жоғары, айталық, мақта алқаптарында суару кезеңінде 15–20 күн бойы трактор да, адамдар да егістікке кіре алмайды. Өйткені, алқап батпақ болып жатады, осы уақытта зиянкестер белсенді түрде көбейіп, үлкен шығын келтіреді. Жаңа технологияның артықшылығы – бір ғана оператор егістіктің шетінде тұрып-ақ дрон арқылы биологиялық агенттерді шашады. Мәселен, небәрі 10 минут ішінде 1 гектар алқапқа биожаңдыктерді енгізуге болады.

Алматыдағы айтулы көрме осындай отандық жаңа технологияларымен ерекшеленді. Айта кетейік, Қазақстан мен Ресей – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын мемлекеттер. Аграрлық саладағы екіжақты серіктестікті нығайту заманауи, ғылыми негізделген әрі технологиялық дамыған агроөнеркәсіптік кешенді қалыптастыруға серпін бермек.

Бетті әзірлеген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ



ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КЕПІЛІ

Ассамблея тәжірибесі нақты нәтижеге жол ашуда

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) құрылғанына 30 жыл толып отыр. Елдегі тұрақтылық пен этносаралық татулықты нығайтудағы басты институттардың бірі саналатын Ассамблеяның мерейтойы аясында Алматы мен Астана қалаларында бірқатар ауқымды әрі маңызды іс-шаралар өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясына қатысқан кезде аталмыш институттың бейбітшілік пен татулықты бекем сақтаудағы маңызын айрықша атап өткен болатын:

«Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа жағдайда біздің бейбітшілік пен келісім жөніндегі саясатымыздың берік әрі институционалды тірегі қызметін атқаратынына сенімдімін. Бүгінгі сессияның міндеті – Ассамблеяның саяси жүйені реформалау ісіндегі орны мен рөлін анықтау, оны әрі қарай дамытудың бағытын белгілеу. «Біз әртүрліміз – біз теңбіз» қағидаты саяси жаңғырудың іргелі компоненті деген пікірді ұстана-мыз», – деген еді Президент.

Аталмыш институттың жұмысы да елеусіз қалған жоқ. Мәселен, Алматыда Мемлекет басшысының атынан Ассамблея өкілдеріне мерейтойлық медальдар табысталды. Бұл марапаттарды этномәдени бірлестіктердің, мәслихат депутаттарының және Ассамблея ардагерлерінің ұлтаралық келісім мен бірлікті нығайту жолындағы еңбегін бағалаудың белгісі деуге әбден болады.

Елімізде ассамблеяның қатысуымен көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, мәдени жобалардан бөлек, әлеуметтік бастамалар арқылы да азаматтардың бір-біріне қолдау көрсетуіне мүмкіндік берілді. Осылайша Ассамблея халық дипломатиясы мен этносаралық келісімнің пәрменді институтына айналды.

Астанада «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» атты республикалық форум өтті. Форумда Ассамблея құрылымдық бөлімшелері, этномәдени бірлестіктер, жастар ұйымдарының жетекшілері мен өңірлік өкілдер өз тәжірибелерін таныстырды. Телемост арқылы өңірлер Аналар кеңесінің «Жасыл сертификат» жобасы, Ақсақалдар кеңесінің «Адал азамат» жобасы сияқты әлеуметтік бастамаларымен бөлісті. Сонымен қатар, жастарды қоғам өміріне тарту бағытындағы жұмыстар мен «Ассамблея жастары» жобасы ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде таныстырылды. Елдегі 100 колледж бен жоғары оқу орындарында студенттік Ассамблеялар ашылып, олардың жұмысы кеңейді.

Ассамблеяның әлеуметтік бағыттағы қызметі де кең ауқымды жүргізілді. «Жомарт жан» орталықтары арқылы жалпы сомасы 300 миллион теңгеден астам 476 жоба іске асырылып, аз қамтылған отбасыларға, төтенше жағдайдан зардап шеккендерге көмек көрсетілді.

ҚХА Медиация кеңесі, Жас ғалымдар клубы, Ғылыми-сарапшылық кеңесі және «ҚХА академиясы» жобалары этносаралық қатынастарды нығайтуға,



✓ СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Абдулхалил Долгунтай, Республикалық ұйғыр этнокультурлық орталығының төрағасы және ҚХА кеңесінің мүшесі:

– Биыл Ассамблеяның 30 жылдығын атап өттік. Биыл сонымен қатар, Абай атамның 180 жылдығы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы атап өтілді. Жалпы, ассамблея жұмысы аясында біз жастарды дұрыс тәрбиелеуге, білімді, елін сүйетін ұрпақ тәрбиелеуге күш жұмсадық. Ассамблея әр этностың мәдениетін сақтауға, ұлтаралық келісімді нығайтуға және халық арасындағы достықты арттыруға зор үлес қосады. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындап, өңірлерде жаңа жобаларды іске асырып жатырмыз. Нәтижесінде Қазақстандағы 130 ұлт өз мәдениетін құрметтей отырып, ортақ мақсатқа бірге жетуге үлес қосуда. Ассамблея арқылы біз қоғамдағы татулық пен бейбіт өмірдің кепілін сеземіз.



Эльяс Рустам, Афган этнокультурлық орталығы «Ариана» жастар қанатының төрағасы:

– Біздің жұмысымыз Қазақстандағы мәдениетаралық диалог пен қоғамдық бірлікті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Біз Ассамблеяның барлық іс-шараларына белсенді қатысып, басқа этнокультурлық орталықтармен тығыз жұмыс жасаймыз. Жастар мен отбасыларға арналған тіл курстары, форумдар, спорттық және волонтерлік іс-шаралар арқылы өзара түсіністік пен сыйластықты арттыруға күш жұмсаймыз.

Сонымен қатар, жастарымыздың бірігуі мен белсенділігін арттыру мақсатында «Ариана» футбол командасын құрдық. Команда этностық және халықаралық іс-шараларға қатысып, спорт арқылы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосып келеді. Бұл жастардың қоғамға белсенді қосылуы мен қоғамдық келісімді нығайтуға деген ниетін көрсетеді.

мамандар дайындауға және тәжірибелік қолдануға мүмкіндік берді. Форумда өңірлердегі 36 Достық үйін толықтыратын 3 жаңа Достық үйінің құрылыс барысы таныстырылды. Соны-

мен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 4 өңірде жаңа аудандық Ассамблеялар құрылды.

Алматыда Ассамблеяның қызметі де белсенді жүзеге асырылуда. Қалада 30-

✓ САРАПШЫ ПІКІРІ

Пердехан ШӘМШИЕВ, саясаттанушы:

УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ИНСТИТУТ

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы құрылған кезде Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істеді. Ал 2007 жылы оған конституциялық мәртебе берілді. Осылайша ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды. Алайда, уақыт бір орнында тұрмайды. Заман талабына сай Ассамблея жұмысына реформа жасалуда. 2022 жылы референдумда халық Конституциялық реформа жасауды қолдады. Соның нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясының саяси саладағы рөлі өзгерді.

Нақтырақ айтқанда, Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін арттыру үшін жасалды; «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады; Министрліктер, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктері Ассамблеяның жұмысына атсалысуда. Мысалы, әкімдер жергілікті Ассамблея ұйымдарымен тұрақты түрде жиын өткізуде; Ассамблеяның 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамына енген. Олар саяси-идеологиялық жұмыста жемісті жұмыс істеуде.

Мұның бәрі Қазақстан халқы Ассамблеясын реформалауға бағытталған шешімдер мен қадамдар. Ал реформаның мақсаты не? Басты мақсат – ұйымды саяси институтқа айналдыру. Жоғарыда атап өткеніміздей, Ассамблея бастапқыда құрылған кезде консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істеді. Одан кейін конституциялық мәртебе берілді. Алайда, шын мәнінде саяси институтқа айналмай, қоғамдық институт ретінде жұмыс істеп келді. 2022 жылдан бері қарайғы өзгерістер ұйымды саяси шешім қабылдауға әсер ете алатындай институтқа айналдыруға бағытталған.

дан астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді, ұлттық театрлар мен этностық БАҚ редакциялары тұрақты қызмет көрсетеді. Жастарға арналған «Қайраткер» жас саясаткер мектебі, «Мәслихат LAB» білім беру жобасы және «Рақмет, Жер-Ана!» экологиялық акциясы белсенді жүргізіледі.

Жастар қоғамдағы татулық пен өзара түсіністікті нығайтуда негізгі рөл атқарады. Ассамблея әр этностың мәдениеті мен дәстүрін құрметтей отырып, жалпыұлттық құндылықтарды насихаттап келеді. Қорыта айтқанда, Ассамблея қоғамдық келісімді сақтап қана қоймай, жастарды тәрбиелеу, әлеуметтік қолдау көрсету, мәдениет пен білімді дамыту арқылы Қазақстандағы бейбітшілік пен бірліктің кепіліне айналды. Алматы – мұндай жұмыстардың басты алаңы болып, Ассамблеяның тәжірибесі мен жобалары нақты нәтижелерге жол ашуда.



«ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ»

Мамай Ахетовтің үш томдық еңбегі оқырманға жол тартты

Алматыдағы Мұхтар Әуезов кітапханасында қазақтың тіл өнерін әдіптеген тағы бір тамаша шығарма оқырманға таныстырылды. Филология ғылымының кандидаты, Ph.D. Мамай Ахетовтің «Қазақтың шешендік өнері. Генезис. Типология. Поэтика» атты үш томдық еңбегінің тұсаукесеріне зиялы қауым өкілдері, белгілі қаламгерлер мен кітапсүйер қауым жиналды.



Рая
ЕСКЕНДІР



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

әрекетінің көрсеткіші, күнделікті тіршілігінің тарихы, сол өнерді дүниеге әкелген ұлттың мінез-құлқы мен дербес ойлау ерекшеліктерінің жиынтығы. Автордың бұл еңбегі жоғары оқу орындарының бағдарламасына енетін пән ретінде қолдануға да толық лайық.

Жаңа кітаптың тұсаукесеріне арналған жиынды Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов ашты. Жиынға қатысқан Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев, белгілі қаламгерлер Қали Сәрсенбай, Жүсіпбек

Қорғасбек, Қуандық Түменбай, жыршы Берік Жүсіп сөз алды. Олар бұл еңбектің жарық көруі оқырман қауым үшін ғана емес, қазіргі қоғамдық ой-толғам кеңістігі үшін де маңызды оқиға екенін айтты. Мамай Қаниұлының бұл кітабы – ұлттық ой сананы дамытуға бағытталған мәнді еңбек ретінде әдеби ортада жоғары бағаланып отыр. Белгілі меценат «С.Нұрмағанбетов қорының» құрылтайшысы Махмұт Нәлібаев басқосуда ұлттық ұстанымы үшін Мамай Қаниұлын арнайы төсбелгімен марапаттады.

Тұсаукесер жиынында автор аталмыш еңбектің жазылу барысы, негізгі идеясы мен көтерген мәселелері жөнінде кеңінен тоқталды. Автор атап өткендей, кітапта өзекті тақырыптар, тарихи құндылықтар мен ұлттық сананың қалыптасуы терең талданады. Шығармадағы деректер мен зерттеулер, автордың жеке көзқарасы мен публицистикалық ой-толғамдары ұштасып, оқырманға тың көзқарас ұсынады.

Кітап авторы Мамай Қаниұлы – «М.О.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы», екі томдық «Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалары» атты ғылыми басылымдардың жауапты шығарушыларының бірі. «М.О.Әуезов драматургиясындағы шешендік дәстүр» атты монографияның, қазақтың шешендік өнері, әдебиеттанудың өзекті мәселелері және мемлекеттік қызмет бойынша 100-ден аса ғылыми-танымдық мақалалардың авторы. Әдебиеттанушы, ғалым Мамай Ахетов Зейнолла Қабдолов, Рахманқұл Бердібаев, Рымғали Нұрғалиев сынды дәрісі кейінгі толқынға жеткен ұстаздардың жолымен жүріп, М.Әуезов шығармашылығы мен шешендік өнерді байланыстыра зерттеген әдебиетші. Мемлекеттік қызметте жүріп екі бірдей саланың тұтқасын тең ұстаған жан. Кезекті үш томдық шығармасы «ARTist» атты авторлық жоба аясында жарық көріп отыр.

Қазақтың шешендік өнері мен шешендік сөздерін монографиялық сипатта қарастырған автордың бұл ғылыми еңбегі үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімге қазақ шешендік өнерін зерттеудің тарихнамасы мен әлемдік риториканың, сондай-ақ қазақ шешендік өнерінің тарихы жайлы тараулар ене, екінші бөлімінде шешендік өнердің теориялық табиғаты, антикалық грек-рим риторикасында айқындалған ереже-заңдылықтардың қазақ риторикасымен байланыстары, шешендік сөздердің фольклор мен жазба әдебиеттегі көріністері, жанрлық-жүйелік сипаттары қарастырылады. Бұған қоса, шешен сөйлеудің сыры, ауызекі сөйлеу қабілетін арттыратын практикалық жаттығулар туралы толымды ақпараттар беріліп, шешен сөздің түрлері, поэтикасы мен риторикалық заңдылықтар, мәтіндердің құрылымы сараланған.

Шешендік өнер туралы толымды ақпарат пен ғылыми тұжырымдар ұсынылатын бұл монографиялық еңбектің үшінші бөлімінде қазақ шешендік сөздерінің түрлері – саясат, қошемет, соттағы шешен сөз бен уағыз үлгілерінің ерекшеліктері, генезисі жеке қарастырылып, олардың қоғамдық қызметтерінен туындайтын сипаттары талданған. Шешендік өнер – адамдардың шебер сөйлеу



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
ҚР Жазушылар одағының басқарма төрағасы:

Тұлғаларды халқымыздың жадына қайта оралтты

Бұл кітаптың бір ерекшелігі – жалаң теория емес, қазақ шешендік өнерінің тарихнамасын айта отырып, әлемдік риторикамен байланыстыратыны. Бүкіл әлемдік деңгейдегі шешендердің қалыптасуы, олардың өнерінің дүниежүзіне тарауы – барлығы осы еңбекте жан-жақты түсіндірілген.

Ең бастысы – кез келген оқырманға түсінікті, жанына жақын мысалдар өте көп. Автор тарихи кезеңдерден бастап, кеше ғана өмірден өткен Әбіш Кекілбаевқа, бүгін арамызда жүрген Нұрлан Оразалин сынды тұлғаларға дейін мысалдар келтіріп, қазақ сөз өнерінің үзілмей келе жатқанын көрсетеді. Жүргенов туралы да өте жақсы пікірлер айтылған. Бұл нені білдіреді? Бұл – қазақ шешендік өнері ешқашан тоқтамағанын, халықпен бірге жасап келе жатқанын айғақтайды.

Әлем ғалымдарының еңбектерінен кем түспейтін өрнекті ойды, бай тәжірибені осы кітаптан көргенде ұлттық мақтаныш сезімі маздайды. Мен тағы бір маңызды жайтты айтқым келеді. Ахмет Байтұрсынұлы кеткеннен кейін қазақ шешендік өнерінің дамуы біраз үзіліске ұшырағаны белгілі. 1945 жылы Әмина Мәметова шешендік өнер жөнінде алғашқы диссертация қорғады. Ол кісіні өз көзіммен көрдім, сұхбаттастым. Іші терең, білімі мол жан еді. Әбілқайыр ханның тұқымы, арғы жағында Шәңгерейлер тұрғаны белгілі. Сол апайымыздың Ахмет Байтұрсынұлының кейбір сөздерін қорықпай еңбегіне енгізуі – қайсарлықтың, ғылыми адалдықтың үлгісі. Мамайдың еңбегі де сол Әмина апай сынды тұлғаларды халқымыздың жадына қайта оралтуымен құнды.



КӨКТӨБЕНІҢ КӨРІНБЕЙТІН ҚЫРЫ

Көктөбе – Алматының ең танымал әрі тартымды туристік нысандарының бірі. Қаланы жоғарыдан тамашалап, тынығып, ойды бөлетін бұл биікті көпшілік жәй ғана демалыс орны ретінде қарауы мүмкін. Бірақ Көктөбенің күнделікті тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп, таңнан кешке дейін тынбай еңбек етіп жүретін қарапайым қызметкерлері үшін бұл мүлде өзгеше мәнге ие мекен. Көрікті Көктөбеде жұмысы көп көзге көріне бермегенімен, қала келбетіне үнсіз үлес қосып келе жатқан жандармен тілдесіп қайтқан едік.



Ернұр
РЫСБАЙ

Алматының түн тыныштығы түріліп, Көктөбедегі телемұнараны таң жарығы шала бастағанда мұндағы қызметкерлер өз орнында табыла кетеді. Таңғы салқын ауада аттракциондардың қозғалысы әлі байқалмағанымен, аумақтағы тіршілік әлдеқайда ерте басталады. Туристер келіп үлгерместен әркім өз міндетіне кіріседі. Техникалық мамандар аспалы жолды тексеріп, жүргізушілер автобустарын дайындайды, ал тазалықшылар аумақты жуып, әр бұрышын ретке келтіреді.

Көрікті орта – қарапайым еңбек

Біздің кейіпкерлеріміздің бірі – Бибігүл Базарбаева. Ол сегіз жылдан бері Көктөбеде еңбек етіп келе жатқан тазалық қызметкері. «Менің міндетім келушілердің жайлылығы үшін барымды салып жұмыс істеу» деген Бибігүл апай өзінің жұмыс дағдысымен таныстырды:

– Біздің жұмыс таңғы сегізде басталады. Алдымен негізгі жолдар мен аттракцион маңын ретке келтіреміз. Қонақтарымыз келгенге дейін барлық жер таза болуы керек. Айналма, канат жолы, орындықтар – бірін қалдырмай тазалаймыз. Келушілер таза жерге аяқ басуы тиіс. Кейде түске дейін үш рет жуған күніміз болады. Әсіресе, желді, жаңбырлы күндері көп нәрсені қайта тазалауға тура келеді, – дейді ол.

Оның сөздерінен осы бір әсем аумаққа әбден бауыр басып кеткенін түсіну қиын емес.

– Мен бұл жерді өз үйімдей жақсы көремін. Тазалық сондай бір ішкі тәртіп сияқты, адамдарға жайлы орта берудің де өз қуанышы, ішкі рахаты болады. Өз басым тазалықты қатты жақсы көретін жанмын. Осындағы істеген жұмысым өзіме ұнайды. Парк жағынан бізге жұмыс істеуге барлық жағдайды жасаған. Шынын айтсам, мұндағы жұмысқа мен демалыс ретінде қараймын, – дейді жылы жымиыспен.

Көктөбедегі көлік тізгіншісі

Әдетте тынығушылар Көктөбеге бірнеше бағытпен шығады. Бірі аспалы кабиналармен қала ортасынан бірден төбеге көтеріледі. Тағы біреулері Көктөбені қапталдай салынған жол жиегімен жаяу өрлеп, таза ауада дене шынықтырып қайтуды да артық көрмейді. Ал енді бір топ болса, Айбек Қанатұлы сынды қызметкерлердің көмегіне жүгінеді. Жоғарыға ағылатын туристердің алғашқы әсері шағын автобустардан баста-

лады. Олар әр жолы көліктерге арналған қаптал жолмен жоғары көтерілгенде тасымалды жүргізетін қызметкерлердің жауапкершілігі жоғары екенін толық сезінеді. Микроавтобус жүргізушісі Айбек Қанатұлы күн сайын осындай жүздеген туристі тасымалдайды.

– Менің әр жұмыс күнім өзіме жүктелген көлікті толық тексеруден өткізуден басталады, – дейді Айбек, – техникалық жағдайы, тежегіші, майы бар ма – бәрін тексереміз. Іші таза болу керек. Себебі, қонақтардың ең алғашқы әсері осы көліктен басталады. Күніне шамамен, 30–40 рейс жасаймыз. Туристер бізге алдын ала сенім артып мінеді, олардың көңілінен шығу – біздің басты мақсатымыз. Арасында қонақтар жолда қаланың көрікті жерлері туралы сұрайды, Көктөбе жайлы ақпарат білгісі келеді. Әрине, түсіндіреміз. Туристің жақсы әсер алып кетуі де біздің еңбектің бір бөлігі, – дейді ол.

Айбек туристердің көңіл күйін сезініп, олардың сұрағына жауап беруді де өз борышы санайды. Жүргізушілердің жұмысы тек көлік айдаумен шектелмейді. Олар кешкі уақытта да туристерді қауіпсіз төмен түсіріп, қажет болған жағдайда көмектесіп жүреді.

Әр маманға артылған міндет

Тазалыққа жауапты бригадир Амангелді Мұханбетжанов Көктөбенің әр нүктесінің тазалығын бақылап отырады.

– Бұл жерге күн сайын жүздеген, тіпті кей кезде мыңдаған адам қонақ болады. Соның бәрі таза аумақта жүріп, демалғысы келеді. Біз сол талапты орындауымыз керек. Жерде бір қоқыс түгілі, жапырақ жатпауы қажет. Себебі, осындай майда-шүйденің өзі, қонақтарға теріс әсер қалдыруы мүмкін. Тазалықшы маманның жұмысы – үлкен жауапкершілік, – дейді ол.



Көктөбе паркі үшін қауіпсіздік басты назарда. Бұл туралы механик Андрей Федеров айтып берді.

– Канат жолын техникалық тексеруден өткізу – Көктөбенің ең жауапты процестерінің бірі. Әр сейсенбі күні бұл жерде профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Аспалы жолдан бастап, барлық аттракциондар толық тексерістен өтеді. Конвейерлердің майы, ролигі, дөңгелектерінің желі бәрі тексеріледі. Ақау анықталған жағдайдан бірден жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жолаушылардың қауіпсіздігі біз үшін басты қағида, – дейді маман.

Бұл процестердің барлығы арнайы регламентпен бекітілген тәртіп бойынша іске асады. Техник мамандардың айтуынша, Көктөбе канат жолы – күрделі инженерлік жүйе. Бір шеге босаңсыса да, оны бірден ауыстыру керек. Себебі, бұл – адамдардың қауіпсіздігі.

Көктөбе қала тұрғындары үшін серуен мен тынығатын аймақ болса, осында еңбек етіп жүргендер үшін – күнделікті жауапкершілікке толы міндет. Қызметкерлердің көпшілігі бұл жұмысқа жүрек қалауымен келген. Таза ауамен тыныстаған, әсем көрініс ашылған биікте еңбек ету – бір жағынан жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде үлкен – еңбек. Бірақ қызметкерлер тауды, қала келушілерін, өз жұмысын сүйеді.

Көктөбенің жарқыраған шамдары, тап-таза жолақтары, қауіпсіз аспалы жолы мен туристерді жылы қарсы алатын қызметкерлер – бәрі бір жүйенің бөлшегі. Сол жүйені тәулік бойы тоқтатпай ұстап тұрған адамдардың еңбегі – құрметке лайық. Көрікті Көктөбе – табиғат сыйлаған сұлулық қана емес, адам еңбегімен күн сайын жаңарып тұратын, қала рухын қалыптастыратын ерекше мекен. Осында қызмет етіп жүрген әрбір жанның еңбегі қала мен ел имиджіне үлес болып қосылып жатқандай.



М.ДУЛАТҰЛЫ – 140

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ

идеялық тұтастық пен ғылыми пайымның тоғысында

Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінде ұлт руханиятының ұлы тұлғалары – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының ғылыми және рухани мұрасына арналған танымдық дәріс өтті. «Ахаң, Жақаң мұрасының сабақтастығы» тақырыбы аясындағы бұл іс-шара Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Дана
САДЫРҚАН

Дәріс барысында екі тұлғаның өмірі мен шығармашылығының қазақ қоғамы үшін тарихи маңызы, олардың әдеби, ғылыми және қоғамдық қызметіндегі ортақ ұстанымдары талқыланды. Іс-шараға алаштану ғылымына қызығушылық танытқан жастар, музейдің тұрақты жана-шырлары, сонымен қатар кәсіпкер қауым өкілдері қатысты.

А.Байтұрсынұлы музей-үйінің аға ғылыми қызметкері Әділет Ахмет дәріске қатысушыларды Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының ғылыми, әдеби және қоғамдық қызметтері туралы жаңа әрі тың деректермен таныстырды. Дәрістің негізгі тақырыбы Алаш зиялыларының ұлттық ғылым мен ағартушылықтағы рөліне арналды. Бұл дәріс жас зерттеушілерге Алаш қозғалысының мұрасын жаңа қырынан зерттеудің өзекті тақырыптары мен бағыттарын ұсынуға ерекше мүмкіндік сыйлады.

– Біреуі – аға, біреуі – іні болып бірге өскен, біте қайнасқан Ахмет пен Міржақып – Алаш деген ұлттық идеяны көтеріп, тәуелсіздік үшін талпынған қазақтың айбынды арыстары. Екі тұлғаға да ортақ дүние көп: 1909 жылы Ахметтің «Маса» жинағы және Міржақыптың «Оян, қазақ» жинақтары қатар шықты. Екеуінің мақсаты – халықты ояту. Екеуі де – ең алғашқы абайтанушылар, «Қазақ» газетін де бірге шығарды. 1928 жылы ауыр жазға ұшырады. Ғылыми тұрғыда да көп ұқсастық

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Алматыда Алаш қайраткері, ақын, ағартушы Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған «Міржақып оқулары» шығармашылық байқауы өтті. №136 мектеп-гимназиясында өткен іс-шараны Алмалы ауданы әкімі аппараты мен аудандық білім бөлімі ұйымдастырды.



бар, оның түбіне жету мүмкін емес, – деді «Ахмет үйінің» аға ғылыми қызметкері Әділет Ахмет.

Дәріске қатысушылар музей-үйдің экспозицияларымен танысып, ұлт руханияты-

ның ұлы тұлғалары жайлы терең түсінік қалыптастырды. Мұндай іс-шаралар ұрпақ сабақтастығын сақтап, ұлт мұрасына деген қызығушылықты арттыруға зор ықпал ететіні анық.



Марат МЫРЗАЛЫ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі:

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР КУӘГЕРІМЕН ТІЛДЕСТІМ

1991 жылы Ырғызда көрнекті мемлекет қайраткері Ұзақбай Құлымбетовтің ғасырлық тойы салтанатты түрде аталып өтті. Келген қонақтар қатарында Ахмет Байтұрсынұлының қызы – Шолпан Байсалова да болды. Тарихтағы отызыншы жылдардың «ақтаңдағын» жастайынан көзімен көріп, көп бейнетті басынан кешірген, жазықсыз жазалауға ұшыраған Шолпан апай ата-анасын мерт қылған солақай саясаттың өз басына да зобалаң туғызғанын егжей-тегжейлі баяндап берген-ді.

Апаймен одан кейін де сөйлесіп тұрдық. Амал не, арада бірер жылдай өткен соң дүниеден өтті. Асылдың сынығының көзін көріп, зұлмат жылдар куәгерімен тілдесіп қалғаныма іштей риза боламын. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының еңбегі әлі де құнды, өзекті. Еңбектерінің зерттелмеген қыры көп. Қалған ғұмырымды Ахаңның мұрасын зерттеуге арнағым келеді.

де Міржақып Дулатовтың ел тарихындағы орнын атап өтті:

– Біз бүгін ұлт болашағы үшін күрескен тұлғаны еске алып отырмыз. Ұлы тұлғаларды дәріптеп, насихаттау – біздің мақсатымыз. Ұстаздар – Алаш мұратын жалғастырушылар. Жас ұрпақтың санасына біліммен бірге ұлттық рухты сіңіру – бәріміздің ортақ міндетіміз, – деді ол.

Мектеп ұжымы «Бақытсыз Жамал» романынан театрландырылған қойылым ұсынып, туындының әсерлі мазмұнын сахнада тірілті. Оқушылар халық биін билеп, ұстаздар ән орындады. №136 мектеп-гимназиясы директоры Талғар Талғатұлы іс-шараның негізгі мақсатына тоқталды:

– Міржақып оқуларын өткізудегі басты мақсат – ұлт ұстазының рухани мұрасын бүгінгі жас ұрпаққа жеткізу. Міржақып Дулатұлы – қазақтың ұлттық санасын оятқан алып тұлға. Оның ағартушылық идеялары мен елге деген жанаушылығы қазіргі білім беру ісімен тікелей сабақтас. Біз бұл байқау арқылы мұғалімдердің шығармашылығын қолдап қана қоймай, Алаш мұрасын мектеп өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыруды көздедік. Бұл іс-шара ұрпақ тәрбиесіндегі тарихи жадының маңызын күшейтіп, мұғалімдер мен оқушыларға қосымша рух береді, – дейді оқу орнының жетекшісі.

Ұйымдастырушылар «Міржақып оқуларын» алдағы жылдары дәстүрлі түрде жалғастыруды жоспарлап отыр.

Биыл көрнекті ғалым, академик, тіл ғылымының ірі өкілі, ұстаз әрі қазақтың сөз өнерін насихаттаушы Шора Сарыбаевтың дүниеге келгеніне 100 жыл толды. Осыған орай Алматыда ғылым мен мәдениет саласының өкілдері, зиялы қауым, өнер адамдары жиналып, ғалымның өмір жолы мен мұрасына тағзым етті.

ТІЛ МЕН ӨНЕР ТОҒЫСЫ

Шора Сарыбаевтың
100 жылдығы аталып өтті

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Еске алу кеші арнайы баспасөз конференциясымен басталды. Онда академиктің қызы Майра Сарыбаевамен қатар филология ғылымдарының докторы, профессор Жамал Манкеева және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының басшылығы сөз алды. Майра Шорақызы әкесінің өмірі мен ғылыми еңбектеріне арнап өзі жазған библиографиялық кітаптарын таныстырып өтті. Әрі Сарыбаевтың ғылыми мұрасын сақтау – перзенттік борышынан бөлек азаматтық міндет екенін жеткізді.



Баспасөз жиынына қатысушылар Шора Сарыбаевтың қазақ ғылымына қосқан зор үлесін, ұстаздық тұлғасы мен зерттеушілік болмысын тереңінен сөз етті. Еске алу шарасында ғалымның сирек отбасылық суреттері, қолжазбалары мен архивтік дүниелерінен тұратын көрме жиналғандардың айрықша назарын аударды.

Еске алу кешінде академиктің өмір жолы жайлы арнайы дайындалған қысқаметражды фильм де жұрт назарына ұсынылды. Ал «Алатау» театрының ансамблі дайындаған арнайы нөмірлер кештің мазмұнына мүлде өзгеше бояу қосты, әсіресе, ғалымның рухына арналған әуезді әндер мен көркем қойылымдар кештің әсерін одан сайын тереңдеті түсті.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының әдебиет бөлімінің қызметкері Ардақ Беркімбаев ғасырлық мерейтойға арналған шараны «Алатау» театры мен Құрманғазы атындағы ұлттық оркестр бірлесе өткізіп жатқанын атап өтті:


– Шора атамызды тіл білімімен ғана байланыстырып қояға болмайды, тіліміз ұлттық өнермен тікелей байланысты болғандықтан, екеуін бөліп-жарып қарау мүмкін емес. Тіл болмаса – өнер болмайды, өнер болмаса – тіл болмайды. Сондықтан ғалым атамыздың ғасырлық мерейтойын қазақ өнерінің қара шаңырағы болған өнер ордалары бірге атап өтуді жөн көрдік, – дейді Ардақ Беркімбаев.

Шора Сарыбаев – қазақтың тіл ғылымы мен фольклорын дамытуда өлшеусіз еңбек еткен тұлға. Оның мұрасын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған бұл іс-шараны «Алатау» дәстүрлі өнер театры Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен өткізді. Көрнекті академиктің есімін ұлықтаған бұл кеш тек еске алу емес, қазақ ғылымы мен мәдениетінің қадірлі құндылықтарын қайта жаңғыртқан тағылымды іс-шара болды.



БАЛАЛАРДЫҢ СҮЙІКТІ ОРТАЛЫҒЫ

Алматы қаласының әкімі Оқушылар сарайына арнайы барды



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды кезекті жұмыс сапарының аясында Алматы қаласындағы тарихи орындардың бірі саналатын Оқушылар сарайына арнайы барып, ең ірі қосымша білім беру орталығының қызметімен танысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш мекеме жыл сайын 6–17 жас аралығындағы балаларға спорттық, көркем-қолданбалы, ғылыми-техникалық, экологиялық, туристік-өлкетану, әлеуметтік-педагогикалық және музыкалық бағыттар бойынша бағдарлама ұсынады. Қазіргі кезде мұнда 15,1 мыңнан астам бала білім алып жүрсе, олардың 7,9 мыңнан астамы тұрақты түрде қатысып жүр. Сонымен қатар, кешенде 200-ден астам педагог зертхана, бассейні бар спорт кешені, планетарий, обсерватория және шығармашылық студияда сабақ береді.

Тарихы сонау 1983 жылдан бастау алған

бұл мекеменің тұсауын кезінде Димаш Ахметұлы Қонаевтың өзі кесіп, үлкен сенім артқан еді. Сол күннен бастап, бүкіл республика балаларының бас қосатын мекеніне айналған ғимарат қазір Алматы қаласының құзырына берілген. Жақында жүзеге асқан жаңарту жұмыстары кезінде Оқушылар сарайы тарихи келбеті мен акустикалық дизайн толық сақталды. Жоба аясында тек дыбыс, жарық және сахналық жабдықтар жаңартылды.

Қала басшысы Дархан Сатыбалды орталықтың инфрақұрылымымен танысып, классикалық музыка және робототехника сыныптарын аралап көрді. Өз сөзінде мұндай бағыттарды дамыту Мемлекет басшысы жүктеген тапсырмаларды іске асыру аясында жүргізіліп жатқанын, ал қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұны мен алуан түрлілігі балалардың жан-жақты дамуының маңызды бөлігі екенін атап өтті.

Әкім оқушылар сарайындағы балаларға ерекше шабыт беретін обсерватория жұмысымен де танысты. Қала басшысы обсерваторияның жұмысына қызығушылық танытты. Мұнда бірнеше заманауи телескоптар орналасқан. Олардың бірі – Күн көзінде

болып жатқан процестерді бақылауға арналғандықтан, ас зерттеушілер мен астрономия әуесқойлары теңдессіз ғарыш құпияларын егжей-тегжейлі зерттеуге қол жеткізіп отыр. Балалар мұнда ғаламшарды қызығушылықпен бақылап, «Coronado» телескопының көмегімен күн мен оның жарығын, сондай-ақ плазманың тығыздығы мен температурасының төмендегенін зерттейді. Аталмыш обсерваторияда басқа да телескоптардың түрі көп. Олар арқылы әртүрлі планеталар мен жұлдыздарды бақылап, ғарышты зерттеуге болады.

Жалпы, Оқушылар сарайындағы кез келген үйірме баланың дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Балалар Оқушылар сарайының үйірмелері мен студияларында алған білімдерін сарапқа салып, мәселен, ғылым мен техника (робототехника, анимация, космонавтика), халықтық-қолданбалы өнер (киіз басу, бейнелеу, т.б.) көрмеге қатысып отырады. Барлық бөлме тәулік бойы бейнебақылаумен, өрт дабылымен және заманауи қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған. Оқушылар сарайының жұмысына жоғары баға берген Дархан Сатыбалды қосымша білім беру нысандары

ның материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту қажеттігін айтты.

Осы күні қала әкімі Алматы музейіне де барып, экспозициямен қатар, мекеменің қызметімен танысты. 2002 жылы құрылған музей бүгінде Жетісу өңірінің тарихи-мәдени мұрасынан сыр шертетін қаланың жетекші мәдени орталықтарының біріне айналып отыр. Музей қорында 40 мыңға жуық экспонат бар, олардың қатарында археологиялық олжалар, түрлі дәуірлердің этнографиясы мен тұрмыс бұйымдары, фотодеректер, бейнелеу өнерінің туындылары және Алматы қаласының мыңжылдық тарихын қамтитын бірегей топтамалар бар. Ежелгі қоныс кезеңінен қазіргі мегаполиске дейінгі уақытты қамтитын экспозиция 11 тақырыптық залда орналасқан.

Сапар барысында қала басшысына LED-экран, ақпараттық құрылғы, проекциялық жүйе және интерактивті кескіндеме сынды музейдің заманауи мультимедиялық шешімдері көрсетілді. Өз кезегінде Дархан Сатыбалды тарихи-мәдени мұраны сақтау мен мәдени нысандардың қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолжетімділігін арттырудың маңызды екенін баса айтты.

Алматыда әлеуметтік осал санаттағы балаларды қолдауға бағытталған игі іс-шара өтті. 3 желтоқсан – Халықаралық мүгедектер күніне орай «Парасат» әлеуметтік қызмет орталығында 35 балаға «K2K LOVE» халықаралық жобасы аясында білім және даму бағытындағы арнайы шәкіртақылар салтанатты түрде табысталды.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл күн – мүмкіндігі шектеулі жандарға қоғам назарын аударып, инклюзия мен тең мүмкіндіктерді ілгерілетуге арналған маңызды күн. Алматыдағы әлеуметтік орталықта өткен жиын дәл осы құндылықтарды нақты іспен айықтап бергендей болды.

«K2K LOVE» халықаралық жобасы, яғни Korea-to-Kazakhstan, Kindness-to-Kids Қазақстан мен Кореяның бірлескен қайырымдылық жобасы саналады. Жобаның негізгі серіктестері болған BNK, Shinan Bank, KT&G және Kyungdong Navien компаниялары әлеуметтік жобасы аясында қаржылай көмек ұсынып, орталықтағы балаларға тұрақты қолдау көрсету бастамасын көтерді. Жоба бастамашысы – «Парасат» әлеуметтік қызмет орталығының директоры Нұрғайым Дүйсенбаева кезекті қолдау шарасын Халықаралық мүгедектер күніне орай ұйымдастыруды көздеген:

– Бұл – халықаралық атаулы күнге орай ұйымдастырылған игі шара. Бұл күн Қазақстанда 1992 жылдан бері аталып өтеді. Бүгін 35 балаға шәкіртақы табысталды, бәрі де қаржылай көмек. Бұл бастама біздің орталықтың Бақылау кеңесінің мүшесі, корей этномәдени орталығының өкілдерінің қолдауымен жүзеге асты, – деді орталық директоры.

Оның айтуынша, «Парасат» әлеуметтік



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қызмет орталығы 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ 18 жастан асқан қимыл-қозғалыс аппаратының бұзылуы және психоневрологиялық диагнозы бар жандарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мекеме. Ондай жандарға орталық екі форматта қызмет көрсетеді, яғни үй жағдайында және жартылай стационарлық үлгіде қызмет ұсынады. Жартылай стационарда әр қызмет алушы күніне 4 сағаттан дамыту ойындары, емдік дене шынықтыру, түзету сабақтарын алады. Ал үй жағдайында әлеуметтік қызметкерлер аптасына екі рет бекітілген кесте бойынша арнайы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Қазіргі таңда орталықта 340 бала тіркелген. Ал орталықта невропатолог, педиатр, терапевт, реабилитолог дәрігерлері, сонымен қатар психолог, тәрбиеші, дефектолог, логопед, емдік дене

шынықтыру нұсқаушысы, дене шынықтыру мұғалімі және массаж мамандары қызмет көрсетеді.

– Орталығымыз мүгедектері бар балаларға және ересектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мекеме болғандықтан, осы күнді атап өту – олардың мүддесін қорғау, қолдау көрсету, отбасына жанашырлық таныту үшін маңызды. Мұндай іс-шара бізде жыл сайын өткізіліп тұрады, – деді Нұрғайым Дүйсенбаева.

Стипендия табыстау рәсімін KOTRA және Корея Республикасының Қазақ-стандағы Елшілігі ұйымдастырды. Сонымен қатар, Оңтүстік-Батыс Азиядағы Good Neighbors өңірлік кеңсесі және Қазақстандағы «Диаспора мұрасы» қоғамдық қоры шараның жүзеге асуына үлес қосты. «K2K LOVE» жобасы әлеуметтік осал топтағы балалардың

білім алу мүмкіндігін кеңейту, негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғанысын күшейту, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасауды мақсат еткен.

Салтанатты рәсімде балаларға сертификаттар табысталып, олардың шығармашылық және білім бағытындағы жетістіктері атап өтілді. Әрбір балаға көрсетілген қамқорлық – олардың өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жол ашатын қуанышты сәт болды. Жиын барысында ата-аналар да сөз алып, ұйымдастырушыларға өз алғыстарын білдірді. Олар балаларының дамуына көрсетіліп жатқан нақты қолдау олардың өміріне үлкен өзгеріс әкеліп жатқанын атап өтті.

Кішкентай ерекше бүлдіршіннің анасы Айгүл Әмірева да қуанышымен бөлісті:

«Ең әуелі, ерекше балаларды бүгінгі мерекесімен құттықтаймын! Табысталып жатқан сертификаттарымыз да берекелі болсын, өте ризамын. Бар тілегім – болашақта осындай балалар еркін өмір сүріп, дендері сау болса екен. Қызымнан үлкен үміт күтемін, аяққа тұрып кетсе екен деймін. Қызым қазір екі жарым жаста. Диагнозы 10 айында қойылған болатын. Содан бері осы орталықтан тұрақты түрде көмек алып келеміз. Алғысым шексіз», – деді ол.

Алматыдағы игі іс-шара шынайы қамқорлықтың сол қамқорлыққа мұқтаж жандарды қалай қанаттандырғанын айқын көрсетіп берді. Халықаралық мүгедектер күні – тек күнтізбедегі дата емес, қоғамдағы жауапкершілік пен бірлікке үндейтін күн. Ерекше балаларға ұсынылған шәкіртақы тек қаржылай қолдау емес, әр баланың болашағына деген сенім ұялатқан үміт сыйы.



«ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ»

лық «ODARA» құралын енгізуге көмектесті. Германияда және Канадада ұзақ жылдар қолданылып, тиімділігі дәлелденген бұл құралды үйрету үшін германиялық сарапшылар, прокуратура мен полицияның мамандары келді. 2023 жылдан бастап біз осы әдісті сынақтан өткізіп, 2025 жылдың қаңтарында тұрмыстық зорлық-зомбылық қаупін бағалау жөніндегі ұлттық стандартты бекіттік, – дейді полиция полковнигі Ақмарал СЕРІКБАЕВА.

Ол сондай-ақ, бұрын полиция тарабы көбіне жәбірленушіні қорғауға және құқық бұзушыны жазалауға бағытталған шаралар қабылдаса, ендігі тәсіл – агрессордың мінез-құлқын түзету, оны қоғамға қайта бейімдеу, тараптардың татуласуына мүмкіндік беру.

Жаңа заңнамалық өзгерістер де үлкен рөл атқарып отыр. Қазір соттар полицияның немесе тараптардың өтініші бойынша, кейде өз бастамасымен осындай міндет жүктей алады. Жыл басынан бері 617 агрессорға сот психокоррекциялық бағдарламаға баруды міндеттесе, 430-ы өз еркімен келісті.

Былыр қылмыстық санатқа ауыстырылған «денсаулыққа жеңіл зиян келтіру» және «ұрып-соғу» баптары да нәтиже беруде. Қылмыстық жауапкершіліктің күшеюі ауыр қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік берді. Мәселен, он айдың қорытындысында ауыр қылмыстар 22 пайызға, кісі өлтіру 26 пайызға, денсаулыққа ауыр зиян келтіру 18 пайызға азайды. Орташа ауырлықтағы қылмыстар да 48 пайызға төмендеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлима ТЕҢІЗБАЙ, Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры өкілдігінің жоба координаторы, офис басшысы:

Ең маңызды фактор – бала психологиясы

Жоба компоненттерінің бірі – агрессорлармен жұмыс істеу, сондықтан жоба барысында біраз мәселені аңғарғанымызды айтқым келеді. Айталық, мәселені шешу үшін зәбір көрген әйелдер мен балаларға көмек көрсету жеткіліксіз, алдымен агрессордың мінез-құлқын тезге салу қажет екені байқалды. Былтыр Қазақстанда болған заңнамалық өзгерістер біраз мәселені анықтағандай болды. Осыдан кейін агрессорлармен жұмыс істеу міндетін денсаулық сақтау ұйымдарына жүктеді. Алдымен, зомбылық көрсетушілер сот үкімі арқылы психологтарға жіберіліп, арнайы бағдарламадан өтулері керек. Халықаралық тәжірибеде тиімділігін дәлелдеген бұл тәсілді қазір көптеген елдер қолдануда.

Агрессордың мінез-құлқы өзгермейінше, зорлық-зомбылықтың қайталану қаупі жоғары күйінде қалатыны анық. Міне, осы тұрғыдан алғанда, агрессорлармен жұмыс істеуді өте маңызды және қажетті бағыт деп санаймын. Ал агрессордың мінез-құлқы өзгермесе, онда отбасындағы жағдайдың қайталанатыны белгілі. Жалпы, агрессормен жұмыс

істеу дегеніміз – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудағы ең маңызды құралдың бірі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтағы ең маңызды факторлардың бірі – балалар. Өйткені, олар көп жағдайда отбасында болатын зорлық-зомбылықтың тікелей куәгері болады. Әрине, отбасында орын алатын ұрыс-керіс, төбелес, қол жұмсау, басқа да жағдайлар баланың көзінше орын алып жататыны өте өкінішті. Мұндай жағдайлардың бала санасында мәңгі қалмасына кім кепіл? Осыған байланысты биыл балалар тақырыбына арналған жеке сессия өткізілді.

Сонымен қатар, өнер саласының да бұл мәселеге көзқарасы қарастырылды. Мәселен, театр, кино, бейнелеу өнері арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықты қалай жеткізуге болады? Арт-активизм халықта эмпатияны қалай оята алады? деген сұрақтар талқыланды. Қазіргі таңда тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресті зерттеу нәтижелері мемлекет саясатын қалыптастыруға, аналитика мен статистиканы дұрыс пайдалануға көмектесіп жатыр.



ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ

Дін саласындағы түсіндіру жұмыстары талқыланды

Алматыда жыл бойы жүргізілген діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі қорытындыланды. «Қазақстан» қонақүйінің «Elegant Hall» конференц-залында қалалық Дін істері жөніндегі басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» жыл қорытындысына арналған «Дөңгелек үстел» өткізді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиын барысында орталық жетекшісі Дулат Ибрагимов ағымдағы жылы қалада 655 түсіндіру іс-шарасы өткізіліп, 73 860 адам қамтылғанын атап өтті. Жалпы, ақпараттық жұмыстың басым бөлігі нақты мақсатты аудиторияларға бағытталған. Оның айтуынша, түсіндіру жұмыстары сотталғандар, діндар топтар, еңбек мигранттары, әлеуметтік әлсіз азаматтар, жұмыссыздар, спортшылар, медианет қызметкерлері, білім беру ұйымдары, мемлекеттік құрылымдар мен құқық қорғау органдары арасында жүргізілді. Жыл бойы орталықтың әлеуметтік желідегі арнайы парақшасына 500-ден астам ұсыныс пен пікір түскен. Алдағы жылы жұмысты жетілдіру және қамту аясын кеңейту жоспарланған.

Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Нұрлан Қиқымов ақпараттық-түсіндіру жұмысының тәсілдері туралы айта келе, бұл қызметтің бүкіл қала тұрғындарына бұқаралық түрде емес, дін идеологиясына қызығушылық танытқан немесе қауіп төндіруі мүмкін топтарға бағытталатынын жеткізді. Оның айтуынша,



қала халқының өсімімен бірге діни мәселелер бойынша түсіндіру жұмысына деген қажеттілік те артып отыр.

Жиында ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері ұсыныстарын ортаға салып, жұмыс тиімділігін арттыру жолдарын талқылады. Қатысушылар брошюра дайындау, шетелдік сарапшыларды тарту және әлеуметтік парақшадағы белсенділікті күшейту қажеттігін атап өтті. «Дөңгелек үстел» қорытындысында жыл бойы жоғары кәсібилік көрсеткен үздік сарапшылар Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының Алғыс хаттарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

– Мемлекетіміздің дін саласындағы саясатын ілгерілетуге қосқан үлесі үшін, қоғамда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және зайырлылық қағидаттарын насихаттау бағытындағы белсенді еңбектері үшін алғыс білдіреміз, – деді Нұрлан ҚИҚЫМОВ.

Айта кетейік, қаладағы ақпараттық-түсіндіру топтарында биыл 68 сарапшы еңбек етті. Оның 32-сі қазақ тілінде, 10-ы орыстілді, 26 маман екі тілде жұмыс жүргізген.

«АМАНАТ» партиясының қолдауымен Алатау ауданында бір отбасының аса күрделі тұрмыстық мәселесі шешімін тапты. Әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесінде баспанасы өртенген Тұрсынбүбі апаның үйі қалпына келтірілді.

ҚАМҚОРЛЫҚ

ҚУАТ БЕРЕДІ

Өртенген баспана қалпына келтірілді



Ернұр
РЫСБАЙ

«Ақбұлақ» ықшамауданының тұрғыны Тұрсынбүбі Бөжеева 2020 жылы қаңтарда болған өрт салдарынан баспанасынан айырылған еді. Ол бірнеше рет «АМАНАТ» партиясының қоғамдық қабылдауына жүгініп, көмек сұраған. 2-топтағы мүгедек ұлын асырап отырған ананың жағдайын зерделеген партия филиалы мәселені кезең-кезеңімен бақылауға алып, қажетті органдарды тартып, кешенді қолдау көрсеткен.

Бір кезде өртенген үй қазір мүлде жаңа келбетке енген. Алатау ауданы әкімдігі көмегімен өртен қалған қалдықтар арнайы техникалармен шығарылып, аула толықтай тазартылған, ал баспана қайта тұрғызылып, жылыту жүйесі орнатылған. Сондай-ақ, газ құбыры тегін орнатылып, барлық құжаттары рәсімделген.

Қазір Тұрсынбүбі апаның ұлына медициналық көмек алу мүмкіндігі жасалды және отбасыға қосымша азық-түлік, тұрмыстық заттармен қамтамасыз етіліп отыр. Мұндай ізгілік шарасына қала мәслихатының депутаттары, кәсіпкерлер мен



«Жастар рухы» қозғалысының еріктілері атсалысты. «АМАНАТ» партиясы Алатау аудандық филиалының төрағасы Жарқын Алдамбергенқызы тұрғынның жағдайын бірінші күннен бақылауда ұстағандарын айтады:

– Қоғамдық қабылдауға келген әр адам үлкен үмітпен келеді. Тұрсынбүбі апаның жағдайы да оңай болған жоқ. Біз оның мәселесін біртіндеп шешіп, газ құбырын тарту, құжаттарын рәсімдеу, емдеу мекемелеріне жолдама беру, әлеуметтік көмектермен қамтамасыз ету жұмыстарын атқардық. Бұл – бір күннің шаруасы емес, бірнеше жылдың еңбегі, – деді ол.

Тұрсынбүбі апа ризашылығын білдіріп былай дейді:

– Өрт болған түн әлі есімде. Барлық дүнием бір-ақ сәтте жанып кетті. Кейін көршілерім жол көрсетіп, «АМАНАТ» партиясына жүгінуге кеңес берді. Содан бері партиядан да, депутаттардан да, ерікті азаматтардан да көп қолдау алдым. Үйдің іргесі қаланды, жылу кіргізілді, құл-қоқысты да шығарып берді. Еңсем көтеріліп, қайта өмір сүруге күш алғандай болдым. Осындайда қолдау білдіріп жатқан еліме алғыс айтамын, – деп ағынан жарылды.



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«ӘСКЕР – БАЛАЛАР КӨЗІМЕН»

Алматылық өрендер сарбаздардың өмірімен танысты

Ұлттық ұланның Алматыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінде «Әскер – балалар көзімен» тақырыбында «Ашық есік» күні ұйымдастырылды.

Нұржамал
ӘЛІШ

«Ұлттық ұлан – ел айбыны» республикалық акциясы аясында және Тәуелсіздік күніне орай өткізілген іс-шараның мақсаты – қазақ әскерінің мәртебесін көтеру, әскери мамандықтарды насихаттау және жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу. «Ашық есік» күніне шаһардағы Алатау ауданына қарасты мектептерден «Жас бүркіт», «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары мен қозғалысына мүше 100-ден астам оқушы қатысты.

Жеткіншектер алдымен әскери бөлімнің казармалық ғимараттарын аралап, жауынгерлердің күнделікті тіршілігімен танысты. Оларға әскери бөлімнің тарихы мен жауынгерлік жолы туралы ақпарат берілді. Сондай-ақ, АК-74 автоматы, өзге де қару-жарақ үлгілері көрсетіліп, әскери киім түрлері де таныстырылды. Өрендерге әскери техника мен

көліктердің мүмкіндіктері түсіндіріліп, оларды қолдану ерекшеліктері туралы мәлімет берілді.

– Бүгін біз үшін әскери өмірмен жақын танысуға үлкен мүмкіндік туды. Қару-жарақты, әскери форма, техниканы жақыннан көру, қолмен ұстау – бәрі өте әсерлі болды. Мені сарбаздардың дайындығы мен тәртібі, қарумен жұмыс істеу шеберлігі қатты қызықтырды. Осындай армиямыз барын мақтан тұтамын. Болашақта мен де Отан алдындағы борышымды абыройлы өтеймін, елімнің қауіпсіздігі мен тыныштығына қызмет етемін деп ойлаймын, – дейді №156 мектептің 11-сынып оқушысы Еділбай Дәулет.

Мектеп пен әскери бөлім арасындағы мұндай байланыс жастардың бойында патриоттық рухты қалыптастырып, олардың мамандық таңдауына, арман-мақсатын бекемдей түсуіне оң ықпал ететіні сөзсіз.

Іс-шара соңында Алатау аудандық алғашқы әскери және технологиялық дайындық әдіскері Есболат Уәлиев пен №210 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алмагүл Сармақова әскери бөлім басшылығына жеткіншектерге тағылымды жарқын күн ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді.



ЦИФРЛАНДЫРУ

ОЙЫННАН ТУҒАН ОЗЫҚ ОЙ

Жасанды интеллектіні бүлдіршіндер де қолдана бастады

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде басымдыққа ие болуы қажет екенін баса айтқаны белгілі. Өйткені, болашақ ұрпақ тәрбиелен отырған педагогтердің цифрлық технологияны меңгеруі аса маңызды. Оның үстіне қазіргідей ақпараттар заманында цифрлық технологиялар баланың қызығушылығын арттырудағы тиімді тәсілдің бірі саналады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осыған орай, қаламыздың Әуезов ауданына қарасты №64 бөбекжай-балабақшасында «Адал азамат», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында шығармашылық әдіс-тәсілдерді қолдану аясына қатысты кеңейтілген аудандық семинар өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – педагогтердің адал азамат тұлғасын қалыптастырудағы тәжірибесін жетілдіру, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында құндылықтарға негізделген

тәрбие жұмыстарының инновациялық тиімді әдістерін шебер сынып арқылы көрсету болғандықтан, қатысушылар да аса қызығушылық танытты.

Жалпы, жасанды интеллект пен интерактивті платформалар тәрбиешілер мен әдіскерлердің жұмысын жеңілдетіп, балалардың танымдық белсенділігін дамытады. Ұжым қызметкерлері шара барысында бірнеше интерфейстерде жасалған ойын түрлерімен таныстырды. Мысалы Gemini, Grok, Wordwall, Kahoot, Quizizz, Pix Verse, ChatGPT, Голограмма тәсілдері.

Аталмыш балабақшаның қазақ тілі маманы Н.Минамутдинова «Ойын мен технология – тіл кілті» атты шеберлік сағатында «SmartBala» жобасы бағытында балаларды үй жануарларымен, төрт түліктің төлдерімен және адам баласына келтіретін пайдасы жайлы түсіндіру барысында Gemini, Grok, Pix Verse, ChatGPT, Голограмма интерфейстерін және робототехниканы қалай тиімді қолдануға болатынын көрсетіп, өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Келесі шеберлік сағатын қазақ тілі маманы А.Әбілдаева өткізді. Ол «Еңбегі адал – жас өрен» атты тақырыпта тәрбиеленушілердің түрлі мамандықтарға қызығушылығын арттыру және еңбексүйгіштік құндылығын қалыптастыру мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы – қалауыңды таңдай біл» атты жұмысын ұсынды. Сабақ барысында Wordwall, Pix Verse, ChatGPT платформаларын ұтым-

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»



«МЕН ЗАҢДЫ БІЛМЕДІМ»

Бұл құқықтық жауапкершіліктен босатпайды

Алматының Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында жастармен «Заң және тәртіп» атты кездесу сағаты ұйымдастырылды. Мақсат – қоғамдағы құқықтық сананы қалыптастыруға үлес қосу, азаматтардың құқығы мен міндетін жан-жақты түсіндіруге атсалысу.



Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Кездесуге қаладағы Prime Legal Partners адвокаттық кеңсесінің заңгерлері Бақтияр Жорабаев пен Мәди Ауқенов келді. Олар Қазақ автомобиль-жол колледжінің студенттеріне Мемлекет басшысы ұсынған «Заң және тәртіп» қағидатын жан-жақты түсіндірді. Ел Президенті Бұрабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда Әділетті Қазақстан құру жолында заң мен тәртіп басты құндылық екенін де атап көрсеткен болатын.

Заңгерлер бүгінгі ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған заманда әлеуметтік желілердегі құқықтық мәдениетті сақтау, заң нормаларына сай іс-әрекеттер жасау, қоғамдық орындардағы адамның іс-әрекеттері, әлеуметтік плат-

формаларда бой көрсететін алаяқтардың арбауына түсіп қалмау туралы әңгімеледі.

Спикерлер жастар арасында жиі кездесетін құқықтық қателіктер, заңсыз іс-әрекеттер болса, жауапкершіліктен босатылмайтыны туралы да айтылды.

– Кездесуде бүгінгі күні жастар жеңіл жолмен ақша табу үшін есірткі тасымалдау жолына түсіп жататыны туралы нақты деректер айтылды. Статистикаға сүйенсек, 14 мыңға таяу 12–14 жас, 16–18 жас аралығындағы жасөспірім жеті жылдан жоғары жаза арқалап, колонияларға жіберілген екен. Заңгерлердің айтуынша, көбі жанындағы достарының ықпалымен, сондай-ақ өзі де заңды білмегендіктен осындай келеңсіз жағдайларға ұрынып қалып жатады. Заң өкілдері қоғамдағы жасөспірімдер арасындағы дропинг, сталкинг, кибербуллинг мәселелерін де қозғады. Мұндай жағдаяттар аулада, мектепте, оқу орындарында, тіпті жұмыста да кездесіп жататын көрінеді. Алайда, заң бұзушылық факторлар болған жағдайда кез келген адамның «мен заңды білмедім» деуі оны құқықтық жауапкершіліктен босатпайтынын білгені жөн. Заңгерлер жастарға осы мәселелерді, тәртіпке бағынғанның ештеңеден ұтылмайтынын түсіндірді, – дейді Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі Руза Жүнісқызы.



ды қолданудың тәсілдері көрсетілді.

Ал балабақшаның психолог маманы А.Еслова семинарға қатысушы педагогтермен Kahoot, Quizizz платформаларында «Адалдық алаңы» атты интерактивті викториналық ойынын ойнатып, «Миға шабуыл» әдісін қолданудың тиімді тұстарын көрсетті.

Мектепалды «Құлыншақ» тобының тәрбиешісі А.Ұзақова дамытушы ортаны ұйымдастыру,

балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың онаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз ету жолдары жайлы жеткізді.

Семинар соңы балабақшаның өнерпаз бүлдіршіндерінің өнеріне ұласты. Семинарға қатысушы қонақтар іс-шарадан алған әсерлерін ортаға салып, шығармашылық шабыт, тың идея алып қайтты.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ



ЛАПАРОСКОПИЯЛЫҚ ӘДІС

хирургиядағы шұғыл қолданылатын
заманауи тәсіл

Алматының Орталық қалалық клиникалық аурухана-
сында он екі елі ішектің перфоративті жарасын лапа-
роскопиялық тәсілмен шұғыл тігу отасы жасалды.

Әдетте мұндай ота ашық әдіспен жасалады. Алайда, бұл жағдайда пациенттің жас ерекшелігі және перфорацияның ерте анықталуына байланысты хирургтар аз инвазивті тәсілді таңдады. Науқас 20 жаста. Операцияны хирург Ташаев Санжар Салиханұлы жасады. Он екі елі ішектің перфорациясы – асқазан-ішек жара ауруының ең қауіпті асқынуларының бірі және дереу хирургиялық көмекті қажет етеді.

Лапароскопиялық әдіс кең тілік жасамай-ақ, бірнеше шағын тесік арқылы толыққанды ота жасауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл тіндердің жарақаттануын азайтып, отадан кейінгі асқынулар қаупін төмендетеді, қан жоғалтуды

азайтады және науқастың тезірек қалпына келуіне ықпал етеді.

Дер кезінде жүргізілген диагностика хирургтарға перфорация барын жедел растауға және аз инвазивті техниканы таңдауға мүмкіндік берді. Лапароскопия арқылы хирургтар құрсақ қуысының жағдайын толық бағалап, перфоративті тесікті тігіп, қажетті санация жасады. Ота ТМҚК аясында өтті. Науқастың жағдайы тұрақты, қалпына келу кезеңі жалғасып жатыр.

Айта кетейік, лапароскопиялық тәсіл емді анағұрлым жеңілдетіп, сауығу уақытын қысқартады және стационарлық жүктемені төмендетуге көмектеседі.

ДИАГНОСТИКА

ЧЕКАП ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Чек-ап (check-up) – ағзаңыздың жалпы жағдайын толық тексеруге мүмкіндік беретін кешенді зерттеу. Бұл сізде белгілі бір ауру белгілері болмаса да, денсаулықты алдын ала бақылау үшін жасалатын диагностикалық тексеріс. Қазір көп адам медицинаның осы бір қызмет түріне жүгінетін болған.

Пайдасы қандай? Қандайда бір ауруды ерте анықтауға жақсы мүмкіндік. Мәселен, қатерлі ісік, жүрек-қан тамыр аурулары, қант диабеті, қалқанша безінің бұзылыстары, бүйрек, бауырдағы проблемалар ағзада көбіне белгісіз өтеді. Адам өзін жақсы сезінгенімен, ауру білдіртпей баяу дамып жатады. Ал чек-ап соларды сыр бермей тұрып анықтауға көмектеседі екен. Ерте анықталса, ем әлдеқайда жеңіл және тиімді.

Созылмалы аурулардың да алдын алуға көмектеседі. Дұрыс тамақтанбау, күйзеліс, аз қозғалыс әсерінен пайда болатын кеселдердің қаупін анықтайды.

Дәрігер чек-ап анықтаған нәтижелерге қарап сізге диета, витаминдер, өмір салтын түзе-

ту бойынша нақты кеңес береді.

Жалпы, денсаулығын тексертіп тұрған адам өзін сенімді сезінеді. Яғни психологиялық тыныштықта, көңілі жайлы болады.

Кімдер жасата алады? 18 жастан бастап кез келген адам жасай алады. Мұны базалық тексеріс деп атайды. 40-тан асқан адамдарға жылына 1 рет міндетті түрде ұсынылады. Бұл – кеңейтілген чек-ап. Созылмалы ауруы бар адамдар – 6 айда 1 рет. Жүктілікті жоспарлаушылар, күйзелісте жүрген, шаршағыш, ағзасы әлсіздікке бой алдырғандар чек-ап жасатса, артық емес. Ал қан қысымы, қант, холестерин бойынша проблемасы бар жандар чек-аптан дәрігер кеңесімен ғана өткені дұрыс.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

ШҰҒЫЛ ОТА

Дәрігерлер комаға түскен әйелді аман алып қалды

№4 қалалық клиникалық ауруханада медицина саласының кәсіби ортасында кең талқылауға түскен оқиға болды. Мұнда аневризманың жарылуымен өткен инсульттен кейін комаға түскен 67 жастағы әйелге үш күрделі ота жасалды. Ал төрт айдан соң ол ақ халатты абзал жандарға алғыс айту үшін ауруханаға өзі келді.

Пациент стационарға аса ауыр халде болған: комаға түскен, денесінің сол жақ бөлігі қимылсыз қалған, айқын афазия және ми бағаны құрылымдарының зақымданғаны байқалған. Инсульт орталығының дерегінше, тексеру нәтижесі субарахноидальдық-паренхиматоздық қан құйылуды анықтады. Бұл – инсульттің ең қауіпті түрлерінің бірі. Ол қарыншаларға қанның өтуімен және ми ісігінің күрт ұлғаюымен қатар жүреді.

Дәрігерлердің айтуынша, мұндай жағдайда адамның көбі ауруханаға жетпей өліп кетуі мүмкін. Бұл жолы әр минут шешуші сәт болды. Пациентті мультидисциплинарлық топ – невролог, реаниматолог, нейрохирург және анестезиолог мамандар бірлесіп қабылдады. КТ-дан бастап ангиографияға дейінгі әрбір тексеру кезеңі бөлім меңгерушілері мен №4 ҚКА инсульт орталығы басшылығының қатысуымен өткен консилиумда талқыланып отырды.

«Ми құрылымдарының қысылу қаупінің аса жоғары болғанын ескере отырып, пациентке үш шұғыл ота жасау қажет болды. Біріншісі – жарылған аневризманы эндоваскулярлық эмболизациялау. Бұл – қан кетуді тоқтатуға және қайта жарылудың алдын алуға мүмкіндік беретін шағын инвазивті нейрохирургиялық әдіс. Екіншісі – сыртқы қарыншалық дренаж орнату. Оның мақсаты – басішілік қысымды төмендету және ми жұлын сұйықтығының айналымын тұрақтандыру. Үшіншісі – ми ішіндегі гематоманы алып тастайтын декомпрессиялық ота. Бұл аса дәл микроскопиялық техниканы қажет ететін көлемді нейрохирургиялық араласу», – деп түсіндірді №4 қалалық клиникалық аурухана нейрохирургы Алдоңғар Айсатуов.

Кейін, ұзақ уақыт жасанды тыныс алдыру қажет болғандықтан, пациентке трахеостомия жасалды. Бұл тыныс алуды қауіпсіз жүргізуге және асқынудың алдын алуға мүмкіндік берді. Пациент жан сақтау бөлімінде бірнеше күн жат-



ты. Осы уақыт бойы мамандар тобы мониторинг жүргізіп, қарқынды терапия қолданды: басішілік қысымды бақылау, нейропротективтік іс-шаралар, тыныс алу мен гемодинамиканы тұрақтандыру, су-электролит тепе-теңдігін түзету. Біртіндеп көрсеткіштер жақсара бастаған, яғни ісіну азайып, науқастың сөйлеуі қалпына келе бастайды, аяқ-қолына да күш оралған.

Өміріне төнген қауіп сейілгеннен кейін науқас бейінді нейрохирургия бөліміне ауыстырылып, онда оңалтуын жалғастырды. Үй жағдайындағы оңалту да жақсы нәтиже берді. Бұл кинезиотерапия, логопедиялық жұмыс, нейрондық байланыстарды қалпына келтіруден тұратын ұзақ әрі жүйелі еңбек болды.

Биылғы он айда №4 қалалық клиникалық аурухананың стационарына инсультпен 794 пациент түскен. Ал нейрохирургтар жедел ми қан айналымының бұзылуы диагнозы қойылған тұрғындарға шамамен, 300 ота жасаған.

МАМАН ПІКІРІ

Гүлмира
БАЙШОЛАҚОВА,
№8 емхана
директорының
орынбасары:



Сапалы әрі тегін
қызмет
емханаларда
көрсетіледі

Check-up-тан өту үшін дәрігерден жолдама талап етілмейді. Сондықтан мұндай қызметті көбіне жекеменшік клиникалар ұсынады. Яғни пациент check-up-ты өз қалауымен өте алады. Жалпы, бұл жүйеде екі қызмет пакеті ұсынылады: стандарттысы – 209 970 теңге, ал премиум – 384 660 теңге. Барлық тексеруден өту уақыты – 2-3 күн.

Бірінші пакетке терапевт, невролог, офтальмолог, оториноларинголог, гинеколог консультациялары, қанның клиникалық, несеп талдауы, бауырдың функционалдық сынама-лары, ЭКГ, УДЗ, УДЗ, колоноскопия, холтер және смад, МРТ және басқа да зерттеулер кіреді. Ал премиум пакетте жоғарыда аталған мамандардан бөлек, гастроэнтеролог, эндокринолог, кардиолог, хирург қабылдауы

және терапевтке тағы бір рет бару қарастырылған. Зерттеулерден венерологиялық ауруларға талдау, УЗДГ, аяқ-қол тамырларының УДЗ-і, сондай-ақ тағы бір МРТ енгізілген.

Медициналық сақтандыру қоры арқылы жұмыс істейтін мекемелерде көрсеткішсіз толық тексерілу қарастырылмаған. Денсаулықты тексеру үшін себеп болуы тиіс. Кейбір емделушілер қажетті тексерулерден дер кезінде өте алмайтыны туралы жиі шағымданады. Содан кейін халыққа check-up жасауды жоспарлағанбыз, бірақ тек ақылы негізде. Өйткені, МӘМС қоры арқылы біз бұлай істей алмаймыз. Тек шағым болғанда ғана қызмет көрсету, жолдама беру көзделген.

Жалпы, бұл қызмет таңнан кешке дейін жұмыста жүретін жұмысбасты азаматтар үшін тиімді. Ал қарапайым халықтың қалтасы көтере бермейді. Оның үстіне ауырмай, сырқамай қажетсіз тексерулерден өте беру әу-решілік. Әлдебір көрсеткіш жоқ кезде қан, несеп тапсырып, МРТ жасату пайдасыз. Бұл зерттеулер ақпарат бермейді. Оның үстіне КТ, УДЗ бәрі сәулелік жүктеме, оны да себепсіз жасауға болмайды. Ештеңе мазалама-са, өзіңізден ауру іздеудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Барлық қызмет түрін тегін, сапалы түрде тіркеуде тұрған емханалардан алуға да болады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы №256 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 2 желтоқсанда №217753 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 28 қарашадағы

№256

Алматы қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 726-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде, төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға дейін төмендетіледі.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы

мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруға байланысты материалдарды жариялау

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және осы материалдарды жариялау Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде маңызды рөл атқарады. Департаменттің міндеттерінің бірі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау процесін құқықтық нормаларға сай бақылау, оларды тіркеу, талдау және статистикалық деректер ретінде қалыптастыру болып саналады.

Бұл қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңға, сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске негізделеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы әрбір азаматқа өз құқықтарын мен бостандықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну құқығын береді. Бұл норма өтініштердің заңды мәртебесін бекітіп, оларды мемлекеттік құқықтық статистикаға енгізудің конституциялық негізін құрайды. Өтініш – жәй ақпарат алмасу емес мемлекеттік органдардың қызмет сапасын көрсететін құқықтық дереккөзі. Өтініштерді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібі қазіргі уақытта Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық Кодекспен реттеледі. Кодекс өтінішті әкімшілік рәсім ретінде қарастырады және мемлекеттік органның өтінішті міндетті түрде тіркеуі тиіс екенін белгілейді. Өтініш заң талаптарына сәйкес берілген жағдайда қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді. Қарау мерзімі стандартты жағдайда он бес жұмыс күнін құрайды, ал мән-жайларды қосымша тексеру қажет болғанда екі айға дейін ұзартылуы мүмкін. Әкімшілік шешім түсінікті, негізделген және жазбаша түрде беріледі.

Өтініш беруші мемлекеттік органның әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымдану құқығына ие, бұл өз кезегінде өтініш материалдарының құқықтық салмағын арттырады. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңы құқықтық статистиканы қалыптастырудың құқықтық базасын айқындайды. Заң деректердің дұрыстығын, толықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуді талап етеді. Мемлекеттік органдар өз қызметіне қатысты ақпаратты толық көлемде ұсынуға міндетті. Комитеттің құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі құрылымдары осы мәліметтерді жинақтап, өңдеп, тексеріп, талдамалық жұмысын атқарады. Құқықтық статистика тек есел құралы емес, қоғамдық сенім мен мемлекеттік басқарудың тиімділігін көрсететін индикатор болып есептеледі. Прокуратураға жүктелген қадағалау функциясы бұл үдерістің ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабы мен «Прокуратура туралы» Заң прокуратураға заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау құзыретін береді. Прокуратура мемлекеттік органдардың өтініштерді қарау тәртібін сақтауын тексереді, заң бұзушылықтарды анықтайды және прокурорлық ықпал ету шараларын қолданады.

Бұл материалдар құқықтық статистиканың сапасына тікелей әсер етеді, себебі олар нақты құқық бұзушылық фактілерін көрсетеді және жүйелі проблемаларды айқындайды. 2025 жылы біздің департамент құқықтық статистика саласындағы ақпараттық ашықтықты нығайту мақсатында жариялау қызметіне ерекше назар аударды. Өтініштерді қараудың әкімшілік тәртібі, прокуратураның қадағалау өкілеттіктері және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктері туралы ақпараттық түсіндіру мақсатында республика деңгейіндегі және өңірлік баспасөзде он бір мақала жарияланды. Бұл жарияланымдар халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, мемлекеттік органдардың ашықтығын көрсетуге және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға бағытталды.

Бас Прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті азамат пен мемлекет арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін маңызды құрал болып қала береді. Азаматтық өтініштерді тіркеу және талдау мемлекеттік органдар жұмысының кемшіліктерін анықтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және құқықтық реформалар үшін нақты негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

#Заң_және_Тәртіп

FAST-CHECKING МӘДЕНИЕТІ:

Жалған ақпаратпен күрестің тиімді жолдары

Қазір ақпараттың таралу жылдамдығы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Бір ғана пост, белгісіз дереккөзден алынған қысқа хабарлама немесе толық тексерілмеген бейнематериал бірнеше минут ішінде миллиондаған адамның назарына ұсынылуы мүмкін. Мұндай жағдайда ақпараттың шынайылығын анықтау, жалған ақпараттың алдын алу және қоғамда сауатты медиамәдениет қалыптастыру – журналистиканың ең маңызды міндеттерінің біріне айналды. Сондықтан fact-checking, яғни деректерді тексеру мәдениеті, қазіргі медианың ажырамас бөлігі болды.

Fact-checking – ақпараттың дұрыстығын әртүрлі дереккөздер арқылы дәлелдеп, тексеру тәсілі. Ол – тілшілердің кәсіби шеберлігінің көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге қоғамның ақпаратқа деген сенімін қалыптастырушы тетік. Өйткені, жалған ақпарат тек қоғамды адастырып қана қоймай, әлеуметтік тұрақтылыққа, экономикалық жағдайға, тіпті адамдардың денсаулығына да зиян тигізуі мүмкін.

Соңғы жылдары әлемдік медиакөңістікте фейк жаңалықтар, манипуляциялық ақпарат, deerfake технологиялары, жалған статистика және эмоцияға бағытталған хабарламалар кең таралу үстінде. Әсіресе, әлеуметтік желілердегі жылдам таралу – фейктің басты күші. Осындай ортада fact-checking мәдениетін дамыту – тек журналистер үшін емес, әрбір азамат үшін өзекті. Жалған ақпараттың кең таралуына бірнеше фактор әсер етеді, айталық, адамдардың эмоцияға тез берілуі, ақпарат ағындарының шамадан тыс көп болуы және цифрлық сауаттылық төмендігі қатарлыларды айтуға болады. Осы тұрғыда қоғамда fact-checking мәдениетін қалыптастыру – жалған ақпаратпен күрестің алдын ала жүргізілетін ең тиімді шараларының бірі.

Fact-checking мәдениеті нақты құралдар мен тәсілдерді қолдануды

талап етеді. Журналист немесе ақпарат тұтынушысы мынадай қадамдарды орындауы қажет: Ақпарат көзін анықтау; деректерді екі-үш көзден салыстыру; автордың мүддесін бағалау; статистиканы тексеру; фотосурет пен видеоны тексеру; мәтіннің стилін бағалау; ресми орган немесе сала маманына жүгіну.

Fact-checking қоғамда тек журналистердің міндеті ретінде емес, жалпы мәдениет ретінде қалыптасуы тиіс. Бұл үшін медиасауаттылықты арттыру, яғни мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін фейк жаңалықтарды тану, ақпаратты тексеру құралдары туралы сабақтар енгізілуі қажет. Екіншіден, fact-checking платформаларын дамыту. Қазақстанда factcheck.kz сияқты арнайы платформалар бар. Мұндай сайттар ресми және бейресми ақпаратты жүйелі түрде тексеріп, жалған ақпаратты жоққа шығарады. Осындай ресурстардың көбеюі қоғамның ақпараттық мәдениетіне оң әсер етеді. Үшіншіден, журналистердің кәсіби деңгейін көтеру. БАҚ өкілдері ақпаратты тексеру стандарттарын міндетті түрде ұстануы тиіс. Әр редакцияда fact-checking бөлімі немесе арнайы маман болғаны дұрыс. Төртіншіден, әлеуметтік желілермен ынтымақтастық. Instagram, TikTok, Facebook сияқты платформалар жалған ақпаратпен күресте алгоритмдік шешімдерді қолдана алады. Мысалы, қауіпті ақпаратты автоматты түрде белгілеу немесе таралымын шектеу тәсілдері. Бесіншіден, қоғамда жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Әрбір азамат ақпаратты бөлісер алдында «Бұл ақпарат қаншалықты шынайы?» деген сұрақ қоюға үйренуі қажет.

Fact-checking мәдениеті – тек журналистика саласының талабы емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Жалған ақпаратпен күрес тек тексерілген дерекке сүйену, ақпарат көздерін бағалау, медиасауаттылықты дамыту және жауапкершілікті арттыру арқылы жүзеге асады. Ақпараттың шынайылығын тексеру – қазіргі заманғы ең маңызды дағдылардың бірі. Егер әрбір адам осы мәдениетті саналы түрде ұстанатын болса, қоғамда жалған ақпараттың таралуы айтарлықтай төмендер еді.

Іңкәр МҰХТАРОВА,
Абылай хан университеті
Журналистика мамандығының
2-курс студенті.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



АЛАТАУ АУДАНЫ -

АЛМАТЫНЫҢ ЖАҢА СПОРТ ОРТАЛЫҒЫ

Алматы қаласының Ала-
тау ауданы спорттық
инфрақұрылым шоғырланған
жаңа орталыққа айналмақ.

Еліміздің оңтүстік мегаполисінде қазіргі уақытта 3,6 мыңнан астам спорт нысаны жұмыс істейді. Оның біршамасы Алатау ауданында орналасқан. Шағын орталықтар мен нысандарды айтпағанда, мұнда қаладағы ең ірі кешендер де бар. 2016 жылы ашылған «Алматы арена» кешенінде спорттық-мәдени іс-шаралар тоқтаусыз өтіп отырады.

Мысалы, биыл 11–19 қазан аралығында мұнда әлем көз тіккен ATP 250 сатындағы теннистен Almaty Open 2025 турнирі өтті. Бұл жарыс үшін тіпті, Италияда ATP Awards 2025 марапатының «Ұйымдастырудағы үздік сапа үшін» номинациясы берілді. Еске салайық, былтыр мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында өтеусіз негізде жеке ұйымның басқаруында болған нысан мемлекетке қайтарылды. Қазір кешен Алматы қаласының спорттық ғимараттары дирекциясының сенімгерлік басқаруында.

Одан бөлек, Алатау ауданында 2022 жылы «ADD» үстел теннисі орталығы ашылды. Заманауи орталықта жарыс өткізетін 12 және жаттығу жасайтын 24 үстел бар. Онда республикалық және халықаралық турнирлер жиі өтіп тұрады. Атап айтқанда, 2025 жылдың 2–7 қыркүйек ара-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

лығында үстел теннисінен беделді халықаралық турнир – WTT Contender Almaty 2025 өтті. «ADD» үстел теннисі орталығында 21 елден келген 143 спортшы сынға түсті. Қатысушылар қатарында Австралия, Вьетнам, Германия, Үндістан, Иран, Испания, Қытай, Корея, Малайзия, Мекси-

ка, Сауд Арабиясы, Жапония және өзге де елдің спортшылары болды.

Сондай-ақ, «Алматы арена» мен «ADD» үстел теннисі орталығының жанында биыл Республика күніне орай жаңа спорттық нысан ашылды. Ол – үлкен тенниске арналған «Алатау» теннис

орталығы. Заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген орталық халықаралық талаптарға сай келеді. Онда кәсіби теннисшілер мен барлық жастағы әуесқойлар жаттыға алады, сондай-ақ түрлі деңгей мен сәтаттағы турнирлерді өткізуге болады. Оқыту үдерісіне білікті бапкерлер тартылған. Нысан Қазақстан Теннис федерациясының қолдауымен пайдалануға берілді.

Қалалық спорт басқармасының мәліметіне сәйкес, алдағы уақытта Алатау ауданында ірі екі спорттық нысан бой көтереді. Оның бірі – «Нұркент» шағынауданында орналасатын жүзу бассейні бар, 5 мың орынды әмбебап арена.

Қазіргі уақытта нысанды жобалау бойынша техникалық тапсырма әзірленген. Онда негізгі көпфункционалды арена, 50 метрлік бассейн, жаттығу және медициналық бөлмелер қарастырылатын болады. Оған қоса, Алатау ауданында көркем гимнастика орталығы салынады. Қазіргі уақытта нысанның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр.

– Орталық 2 гектар аумақта салынады. Ғимарат төбесінің биіктігі 17 метр болады. Бұл халықаралық стандарттарға сай және ең жоғары деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Көркем гимнастика орталығында негізгі және көмекші жаттығу залдары, хореография, медициналық және қалпына келтіру бөлмелері, сондай-ақ 40 орынды жатақхана қарастырылған. Бір мезгілде 150 спортшыға дейін дайындалуға мүмкіндік болады, – деп хабарлады Алматы қаласы спорт басқармасы.

Сонымен қатар, 2027 жылдың соңына дейін Алматының үш ауданында жалпы ауданы 71 мың шаршы метр болатын 6, оның ішінде Алатау ауданында 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарланып отыр.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

